


23043 мектептер тобының

Әлемдік білім беру жүйелерімен
салыстырғандағы нәтижелері

(2023 жылғы зерттеу бойынша)



23043 мектептер тобының
Әлемдік білім беру жүйелерімен
салыстырғандағы нәтижелері
(2023 жылғы зерттеу бойынша)

Бұл есеп Экономикалық Ұнтымақтастық және Даму Ұйымының Бас хатшысының жауапкершілігімен жарияланды. Есепте берілген пікірлер мен дәлелдер міндетті түрде ЭЫДҰ-ға мүше елдердің ресми көзқарастарын көрсетпейді.

Бұл құжат, сондай-ақ енгізілген деректер мен суреттер кез келген аумақтың мәртебесіне немесе егемендігіне, халықаралық шекаралар мен шекараларды делимитациялауға және кез келген аумақтың қаланың немесе ауданның атауына нұқсан келтірмейді.

Израильге арналған статистикалық мәліметтерді Израильдің тиісті билігі береді және олардың жауапкершілігімен қамтамасыз етіледі. ЭЫДҰ-ның мұндай деректерді пайдалануы халықаралық құқық шарттарына сәйкес Голан шыңдарының, Шығыс Иерусалимнің және Батыс жағалаудағы израильдік елді мекендердің мәртебесіне нұқсан келтірмейді.

Түркияның ескертуі

Бұл құжаттағы «Кипрге» сілтеме жасаған ақпарат аралдың оңтүстік бөлігіне қатысты. Аралда түріктерді де, гректерді де қамтитын біртұтас билік жоқ. Түркия Солтүстік Кипр Түрік Республикасын (СКТР) мойындады. Біріккен Ұлттар Ұйымы аясында тұрақты және әділ шешім қабылдамайынша, Түркия «Кипр мәселесіне» қатысты ұстанымын сақтайды.

ЭЫДҰ-ға мүше барлық Еуропалық Одақ мемлекеттерінің және Еуропалық Одақтың ескертуі

Кипр Республикасын Түркиядан басқа Біріккен Ұлттар Ұйымының барлық мүшелері мойындайды. Бұл құжаттағы ақпарат Кипр Республикасы Үкіметінің бақылауындағы аймаққа қатысты.

Иллюстрациялар: Good Ware (www.flaticon.com)

© OECD 2024

Бұл құжатты пайдалану, цифрлық немесе баспа түрінде, www.oecd.org/termsandconditions парақшасында орналасқан Ережелермен және Шарттармен реттеледі.



Алғы сөз

Мұғалімдер мен білім беру ұйымдарының көшбасшыларына оқушылардың ересек өмірге және еңбек нарығына қадам басуға қаншалықты дайын екендігін анықтауға мүмкіндік беретін жан-жақты және сенімді деректер қажет. Көптеген басқарушылар оқушылардың оқуын жергілікті немесе ұлттық стандарттар негізінде бағалайды. Дегенмен, жаһандық экономикада білім беру саласының табысты болуы тек ұлттық стандарттармен ғана өлшенбей, сонымен қатар дүниежүзі бойынша үздік көрсеткіштер көрсеткен мектептер мен білім беру жүйелерінің орнатқан жоғары стандарттармен өлшенеді.

Соңғы 20 жыл ішінде оқушы қабілетін бағалауға арналған ЭЫДҰ халықаралық бағдарламасы (PISA) әлем экономикасының оннан тоғызын құрайтын 80-нен астам ел мен экономикалардағы мектеп жүйелерінің сапасын, әділеттілігін және тиімділігін бағалады. PISA зерттеуінің арқасында елдер мен мектептер бір-бірінен білмегенін біліп, білгенін одан әрі арттыра алады. Нәтижелі және әділетті білім беру жүйесін құра алған және аз уақытта өзін жетілдіру үшін барлығын жұмылдыра алған білім беру жүйелері басқаларға осының бәрі мүмкін екенін көрсетеді.

Халықаралық PISA зерттеуі сияқты, «Мектепке арналған PISA» зерттеуі 15 жастағы оқушылардың оқу, математика және жаратылыстану бағытындағы білімі мен құзыретін бағалайды

Сонымен қатар зерттеу оқушылардың оқуға, мектепке және оқу ортасына деген көзқарасын бағалайды. Ең бастысы, бұл зерттеу оқушылардың не оқығанын ғана емес, сонымен қатар, оқып-білгендерін қаншалықты қолдана алатынын және тапсырмаларды жаңа таныс емес ортада шығармашылықпен шеше алатындығын зерттейді. «Мектепке арналған PISA» – жекелеген мектептердегі оқушылардың нәтижелерін салыстыра отырып, инновациялық жолмен халықаралық деңгейдегі орнын анықтайтын бірегей құрал.

Бұл есепте «Мектепке арналған PISA» зерттеуіндегі Сіздің мектебіңіздің/колледжіңіздің нәтижелері берілген. Бірақ бұл деректер мәселені тереңірек ұғыну жолында алғашқы қадам ғана, олардан іс-әрекет туындыған жағдайда ғана олар пайдалы болады. Сонымен қатар Сізде өзіңіздің сыни ойлануға, тәжірибе алмасуға және мектепті жақсартуға деген талпынысыңызбен ортақтасатын дүниежүзі бойынша зерттеуге қатысушы басқа мектептердің/колледждердің стратегияларынан, саясаты мен тәжірибелерінен үйреніп, біліммен бөлісе алатын мүмкіндік бар. ЭЫДҰ "мектептерді/колледждерді жақсартуға және өмір сүру сапасы деңгейін көтеруге бағытталған тиімді саясатты" таратуға қатысқандардың барлығына қолдау көрсетуге әзір.

Andreas Schleicher

Андреас Шляйхер

Білім және дағдылар жөніндегі департаменттің директоры

ЭЫДҰ Бас хатшысының білім беру саясаты бойынша арнайы кеңесшісі

Алғыс сөз

Бұл мектептің есебі «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы «Талдау» ұлттық зерттеулер және білімді бағалау орталығы» АҚ жүзеге асырған жоба деректеріне негізделген. Қазақстан Республикасындағы «Мектепке арналған PISA» зерттеуін өткізуге аккредитациялаудан өткен зерттеу орталығы ретінде «Талдау» орталығы тестілеуді, кодтауды, деректерді басқаруды жүргізді және мектеп есебін құрайтын аналитикалық нәтижелерді берді. «Мектепке арналған PISA» зерттеуін ұйымдастыру мен өткізу көптеген қатысушылардың бірлескен күш-жігерінсіз жүзеге аспас еді. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігіне, Білім басқармалары мен зерттеуді ұйымдастыруға атсалысқан барлық мектеп қызметкерлеріне ерекше ілтипат білдіреміз.

Компьютер форматындағы зерттеуді ЭЫДҰ-мен серіктестікте «Мектепке арналған PISA» Халықаралық Платформасының Провайдері ретінде қызмет ететін Janison Ltd Pty компаниясы қамтамасыз етеді.

«Мектепке арналған PISA» зерттеуіне стратегиялық басшылық жасап, оны қадағалайтындар - Андреас Шляйхер, Юри Белфали, Джоанн Кэдди.

Бұл есепті Таня Бастианич, Федерико де Лука, Тьяго Фрагосо, Томоя Окубо, Чи Сум Це және Гонсало Сюфре дайындады, ал Фиорелла Чьянки әкімшілік қолдауды көрсетті.

Мазмұны

1.	Қысқаша шолу	7
2.	"Мектепке арналған PISA" зерттеуінен мектебіңіз не үйрене алады	9
	2.1 Мектептің іріктелуі және қатысуы	11
	2.2 Мектебіңіздің нәтижелерін түсіну	13
3.	Когнитивті дағдылар: Мектебіңіздегі оқушылар нені меңгерген	15
	3.1 Мектебіңіздегі оқушылардың нәтижелерін талдау	15
	3.2 Оқушылардың оқу сауаттылығы бойынша нәтижелері	18
	3.3 Оқушылардың математикалық сауаттылығы бойынша нәтижелері	20
	3.4 Оқушылардың жаратылыстану сауаттылығы бойынша нәтижелері	23
	3.5 Мектебіңіздің PISA сауаттылық деңгейлері бойынша нәтижелері	26
	3.6 Қыздар мен ұлдардың нәтижелерін қарастыру	29
	3.7 Ең жоғары және ең төмен нәтиже көрсеткен оқушылар арасындағы айырмашылық	31
	3.8 Мектебіңіздегі оқушылардың нәтижелеріне әлеуметтік-экономикалық жағдайдың әсері	34
	3.9 Еліңіздің әлеуметтік-экономикалық жағдайындағы мектебіңіздің нәтижелері	38
	3.10 Оқушылардың үлгерім тенденциялары	43
4.	Оқушы дауысы: Оқушылардың сабаққа қатысуын және мектепке деген жеке көзқарасын зерттеу	47
	4.1 Жаратылыстану ғылымын үйренуге деген мотивациясы	50
	4.2 Оқушылардың өз күшіне деген сенімі	52
	4.3 Оқушылардың оқыту процесіне көзқарасы	55
	4.4 Сыныптағы тәртіп	58
	4.5 Оқушылар арасындағы буллинг	61
5.	Оқушылардың әлеуметтік және эмоционалдық дағдылары туралы түсінік	65
	5.1 Әлеуметтік және эмоционалды дағдылардың әртүрлі өлшемдері	66
	5.2 Мектеп ортасы мен әлеуметтік және эмоционалдық дағдылардың байланысы	68
	5.3 Әлеуметтік және эмоционалдық дағдылар мен өмірлік нәтижелердің байланысы	70
A.	1 Қосымша Оқушы дауысы туралы қосымша мәліметтер	75
A.	2 Қосымша Жаһандық құзыреттілік модулі	80



1. Қысқаша шолу

Салыстырмалы мәлімдемелерде статистикалық мәні бар айырмашылықтар 95% сенімділік деңгейінде ұсынылады. ЭЫДҰ-ға қатысушы мемлекеттердің нәтижелері орташа 500 балмен және шамамен 100 балдық стандартты ауытқумен беріледі.

23043

	 Оқу сауаттылығы	 Математикалық сауаттылық	 Жаратылыстану сауаттылығы
Сіздің мектебіңіздің орташа көрсеткіші	396 Қазақстан нәтижелерімен сәйкес  387  OECD 487	403 Қазақстан нәтижелерімен сәйкес  423  OECD 489	405 Қазақстан нәтижелерімен сәйкес  397  OECD 489
Гендерлік айырмашылықтардың көрсеткіштері	Қыздар мен ұлдар бірдей көрсеткіштер көрсетеді	Қыздар мен ұлдар бірдей көрсеткіштер көрсетеді	Қыздар мен ұлдар бірдей көрсеткіштер көрсетеді
Әлеуметтік-экономикалық айырмашылықтардың көрсеткіші	Әлеуметтік-экономикалық жағдайы жоғары және төмен оқушылар бірдей көрсеткіштер көрсетеді	Әлеуметтік-экономикалық жағдайы жоғары және төмен оқушылар бірдей көрсеткіштер көрсетеді	Әлеуметтік-экономикалық жағдайы жоғары және төмен оқушылар бірдей көрсеткіштер көрсетеді
Оқушының құштарлығы мен сезімдері	 71% жаратылыстану пәнінің болашақта қажет болатындығына сенеді.  89% мұғалімдердің үлгерімі нашар оқушыларға жеке көмек көрсетіп жатқандарын көреді.  0% сыныпта шу мен тәртіпсіздік орын алатынын айтады.		
Әлеуметтік және эмоционалды дағдылар	Әлеуметтік және эмоционалды дағдылар, сонымен қатар өмірлік нәтижелердің арасындағы айтарлықтай байланыс байқалады: <ul style="list-style-type: none">  Сыныптағы тәртіп ахуалы ↔ Өз-өзіне сенімділік  Оқушылардың өз денсаулықтарын ұғынуы ↔ Оптимизм  Оқушылардың жалпы өмірге деген қанағаттанушылығы ↔ Оптимизм 		

Дереккөз: Қазақстан Республикасының нәтижелері PISA 2018 дерекқорынан алынды, (OECD 2019), oecd.org/pisa/data



2. МЕКТЕПКЕ АРНАЛҒАН PISA ЗЕРТТЕУІНЕН МЕКТЕБІҢІЗ НЕ ҮЙРЕНЕ АЛАДЫ

PISA ұлттық деңгейдегі нәтижелерді көрсететін болса, «Мектепке арналған PISA» мектеп деңгейін жақсарту және салыстыру мақсатында мектеп деңгейіндегі нәтижелерді көрсетеді.

Мектебіңізде «Мектепке арналған PISA» зерттеуін өткізу арқылы Сіз оқушыларыңыздың нәтижелерін халықаралық деңгейде салыстыра аласыз және мектептегі оқу ортасы, оқушылардың оған көзқарасы туралы ақпарат ала аласыз.

Сонымен қатар «Мектепке арналған PISA» зерттеуі Сізге білім беруде маңызды орын алатын және тез өзгеріп жатқан әлемге бейімделу қабілетін қалыптастыруда шешуші рөл ойнайтын оқушылардың әлеуметтік және эмоционалдық дағдылары туралы түсінік береді.

Білімге негізделген жаһандық экономиканы ескере отырып, қазіргі таңда оқушыларды тек жергілікті немесе ұлттық стандарттармен ғана емес, сонымен қатар, әлемнің ең үздік мектеп жүйелерінің көрсеткіштерімен салыстыру бұрынғыдан да маңыздырақ болып жатыр.

PISA зерттеуі де, «Мектепке арналған PISA» зерттеуі де бір концептуалды жүйеге негізделгендіктен, олардың нәтижелерін өзара салыстыруға болады. Яғни Сіз өз мектебіңіздің/колледжіңіздің көрсеткіштерін дүние жүзіндегі басқа білім беру жүйелерімен салыстыра аласыз. Бұл Сізге оқушыларыңыздың жаһандану заманында өмір сүруге дайындығын және әлемдегі ең жақсы білім беру жүйелерімен салыстыра отырып, өз мақсаттарыңызды айқындауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар «Мектепке арналған PISA» зерттеуі Сіздің мектебіңіздегі үлгерімі төмен оқушылар қандай қиындықтарға тап болатынын түсінуге, олардың оқудағы олқылықтарын жою үшін нақты іс-шараларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Когнитивті дағдылар: Мектебіңіздегі оқушылар нені меңгерген: бұл тарауда оқушылардың оқу, математика және жаратылыстану сауаттылықтары бойынша нәтижелері және мектебіңіздің PISA сауаттылық деңгейлері бойынша нәтижелердің сәйкестігі көрсетіледі.

Оқушы дауысы: Оқушылардың сабаққа қатысуын және мектепке деген жеке көзқарасын зерттеу: бұл тарауда оқушылардың оқуға деген мотивациясы, олардың өз күшіне сенімділігі, сонымен қатар оқу процесіне, оқу ортасы және құрдастарымен қарым-қатынастары туралы көзқарастары зерттеледі.

Оқушылардың әлеуметтік және эмоционалды дағдылары туралы түсінік: бұл тарауда оқушылардың әлеуметтік және эмоционалды дағдылары туралы айтылады. Олар "Үлкен бестік" ұғымына қатысты бес қосалқы тұжырымдармен өлшенеді (эмоционалды реттеу, басқалармен өзара әрекеттесу, ынтымақтастық, тапсырманы орындау және жаңа идеяларға ашықтық).

Сондай-ақ ЭЫДҰ Сізді «Мектепке арналған PISA» қауымдастығына қосылып, өзара білім алмасу мүмкіндігін пайдалануға шақырады. Бұл көптілді онлайн форум барлық қатысушыларға үздік тәжірибелермен бөлісуге, әріптестерінен кеңес алуға, педагогикалық ресурстарды бірлесіп құруға және вебинарлар мен талқылауларға қатысуға мүмкіндік береді.

«Азаматтарға нені біліп, не істей алу маңызды?» Осы сұраққа жауап беру үшін, сонымен қатар, оқушылардың үлгерімі туралы халықаралық салыстырмалы нәтижелер алу қажет болғандықтан, ЭЫДҰ бүкіл әлем бойынша 15 жастағы оқушылар арасында зерттеу әзірледі. Зерттеу әр үш жыл сайын өтеді және **«Білім алушылардың жетістігін бағалаудың халықаралық бағдарламасы (PISA)»** атауымен белгілі. PISA зерттеуі 15 жастағы оқушылардың қазіргі заманғы қоғам өміріне белсене араласу үшін қажетті білім мен дағдыларды қаншалықты меңгергенін бағалайды.

PISA-ның әр циклында үш негізгі бағыттың бірі егжей-тегжейлі зерттеледі, сондықтан жалпы тестілеу уақытының жартысына жуығы сол бағытқа арналады.



PISA туралы

толығырақ оқыңыз
[oecd.org/pisa/](https://www.oecd.org/pisa/)

2022 жылдың негізгі бағыты 2012 жылдағыдай математика болды. 2015 және 2006 жылдары негізгі бағыт жаратылыстану сауаттылығы болса, 2000, 2009 және 2018 жылдары оқу сауаттылығы негізгі бағыт ретінде қарастырылды.




PISA зерттеуі көрсеткіштері жоғары және нәтижелері қарқынды өсіп келе жатқан елдерде оқитын оқушылардың дағдыларын ашып беру арқылы басқа елдерге қай бағытта даму керектігін көрсетеді.

Зерттеу нәтижелері дүние жүзіндегі саясаткерлерге елдеріндегі және мектептеріндегі оқушылардың білімі мен дағдыларын басқа елдермен салыстырып бағалауға мүмкіндік береді.


2.1 Мектептің іріктелуі және қатысуы

2.1-суретте іріктеу параметрлері мен қатысу туралы ақпаратты қоса алғанда, сіздің «Мектепке арналған PISA» зерттеуіне қатысуыңыздың қысқаша мазмұны берілген. Оқырмандарға арналған нұсқаулық (www.oecd.org/pisa/pisa-for-schools) «Мектепке арналған PISA» зерттеуіне қатысу құқығы және мектептер мен оқушыларды іріктеу үшін қолданылатын тәртіп туралы қосымша ақпаратты береді.

2.1 сурет. Қысқаша мазмұн

	 Сіздің мектеп	 Қазақстан Республикасы	 ЭЫДҰ
Зерттеуге қатысқан мектептер/колледждер	5	616	11,327
Іріктелген оқушылар	49	19,721	328,281
Зерттеуге қатысқан оқушылар	48	19,507	292,999
Зерттеуге қатысқан оқушылардың орташа жасы	15.72	15.79	15.71
Зерттеуге қатысқан оқушылардың ішінде қыздардың үлесі	56%	49%	50%
Зерттеуге қатысқан оқушылардың ішінде ұлдардың үлесі	44%	51%	50%
Зерттеуге қатысқан оқушылардың орташа әлеуметтік және экономикалық жағдайы	-0.62	-0.44	-0.03
Мектепке арналған PISA зерттеуінің өту мерзімі	2023		

Дереккөз: Қазақстан Республикасының нәтижелері PISA 2018 дерекқорынан алынды, (OECD (2019), oecd.org/pisa/data)



"Мектепке арналған PISA" қауымдастығы қатысушы мектептердің мұғалімдеріне келесі жолдармен қолдау көрсетеді:

- **Өзара қолдау көрсету:** Педагогтер түрлі сұрақтарына жауап алып, оқыту әдістерін жақсарту мақсатында өз идеяларымен, нақты тәжірибелерімен және материалдарымен бөлісе алады.
- **Кәсіби білім мен дағдыларды арттыру:** Педагогикалық шеберлікпен қатар педагогтер пән бойынша білімдерін жетілдіре алады. Олар сондай-ақ әріптестерімен коучинг дағдыларын одан әрі дамыта алады.
- **Халықаралық кәсіби қауымдастықты құру:** Педагогтер халықаралық әріптестерімен өз қауымдастығын құра алады. Олар сондай-ақ жақсы беделге ие болып, халықаралық аудиторияға таныла алады.
- **Соңғы білім беру зерттеулері туралы ақпаратқа қол жеткізу және ЭЫДҰ өкілдерімен және сарапшыларымен өзара әрекеттесу:** Үнемі вебинарлар мен ЭЫДҰ жаңа жарияланымдары арқылы педагогтер білім саласындағы соңғы зерттеулерден хабардар бола тұра, олардың ЭЫДҰ қызметкерлерімен және сарапшыларымен өзара әрекеттесуі тиімді болады.



**«Мектепке арналған PISA»
қауымдастығы**

туралы толығырақ оқыңыз

www.oecd-pisa-for-schools.org

2.2 Мектебіңіздің нәтижелерін түсіну


Бұл есеп "Мектепке арналған PISA" зерттеуінің негізінде мектебіңіздің нәтижелерін ұсынады. Зерттеу барысында 15 жастағы оқушылардың оқу, математика және жаратылыстану сауаттылығы бойынша дағдылары бағаланады. «Мектепке арналған PISA» Білім алушылардың жетістігін халықаралық бағалау бағдарламасына (PISA) негізделгендіктен, сіздің мектебіңіздің нәтижелерін әртүрлі PISA циклдарына қатысқан 80-нен астам елдердегі мектептердің нәтижелерімен салыстыруға болады.

Мектеп/колледж деңгейінде талдау жүргізгенде оқушы деректерінің аз санымен жұмыс жасауға тура келеді. Нәтижесінде, кейбір жағдайларда талданатын оқушылардың шағын тобы бірнеше адамнан тұруы мүмкін (мысалы, қыздар саны көп оқитын мектептегі ұлдар). Бұл жағдайларда белгілі бір ішкі топтар үшін нәтижелерді қарастыру кезінде қорытынды жасауда сақтық танытуды ұсынамыз, өйткені олардың бағалаулары тек бірнеше жағдайларға негізделген болады. Осылайша, есепте әрбір кестенің астында осы іріктемедегі шағын топтар оқушылардың қажетті санынан тұратындығын көрсететін ескерту тұратын болады.

Сонымен қатар, бұл есепте Қазақстан Республикасы мен ЭЫДҰ-ға қатысты мәндердің орташа балдары ғана берілген. Бұл балдар кей дәрежеде айқын болмағанымен, олар осы есепте бағдар ретінде қолданылғандықтан, деректердің көрнекі түрінде ескерілмейді. Осыған қарамастан, осы мектеп есебіндегі деректер үшін қолданылған барлық маңыздылық тестілері олардың өзіне тән айқын еместігін толығымен есепке алады.

Егер Сіз мектебіңіздің нәтижелерін одан әрі зерттегіңіз келсе, онда «Мектепке арналған PISA» цифрлы ақпараттық платформасында өзіңіздің және PISA зерттеуіне қатысқан елдердің деректерін салыстыруға қосымша мүмкіндік бар.

Оқырмандарға арналған нұсқаулық (www.oecd.org/pisa/pisa-for-schools) мектебіңіздің нәтижелерін жақсырақ түсінуге мүмкіндік береді. Есептің барлық беттерінде ЭЫДҰ және PISA сауалнамасының деректеріне негізделген қосымша ақпаратқа сілтемелер бар.





2.

3.

КОГНИТИВТІ ДАҒДЫЛАР:

МЕКТЕБІҢІЗДЕГІ ОҚУШЫЛАР НЕНІ МЕҢГЕРГЕН

Бұл тарауда «Мектепке арналған PISA» бойынша мектебіңіздің көрсеткіштеріне шолу жасалады. Тарау мектебіңіздегі әртүрлі топ оқушыларының нәтижелеріне және олардың әр сауаттылық бағыты бойынша орындай алатын тапсырмалар түрлеріне назар аударады.


3.1 Мектебіңіздегі оқушылардың нәтижелерін талдау

Сіздің мектебіңіздің 15 жасар оқушылары болашақта кезігетін қиындықтарды жеңуге дайын ба? Олар өз ойларын талдап, дәлелдеп, тиімді жеткізе ала ма? Олар XXI ғасырдың қоғамында табысты болу үшін қажетті білімді, құзыреттерді және дағдыларды дамытты ма?

PISA бүкіл әлем бойынша 15 жастағы оқушылардың оқу, математика және жаратылыстану саласындағы сауаттылығын, дағдыларын және білімдерін өлшейді. «Мектепке арналған PISA» нәтижелері осы үш бағыт бойынша Қазақстан Республикасының оқушыларының білім деңгейлерін дүние жүзіндегі басқа оқушылардың деңгейлерімен салыстыруға мүмкіндік береді. Жаһандық экономикада оқушыларыңыздың табысқа жету үшін қаншалықты дайын екендігін нәтижелер көрсетеді.

3.1 сурет. Оқушылардың оқу, математика және жаратылыстану сауаттылықтары бойынша нәтижелері

3.1-суретте PISA 2018 бойынша Қазақстан Республикасымен ЭЫДҰ-ның үш бағыт – оқу, математика және жаратылыстану – бойынша нәтижелері көрсетілген. Сіздің мектебіңіздің әрбір нәтижесі үшін суретте оның 95% сенімділік интервалы да көрсетілген. Егер Қазақстан Республикасының немесе ЭЫДҰ-ның тиісті балы аралықта қамтылмаса, бұл бал мен мектебіңіздің балы арасындағы айырмашылықты статистикалық тұрғыдан маңызды деп есептеуге болады.



	Сіздің мектебіңіздің балы	сәйкес	Қазақстан Республикасының балы	және айтарлықтай төменірек	ЭЫДҰ балы
Оқу сауаттылығы	396		387		489
Математикалық сауаттылық	403		423		489
Жаратылыстану сауаттылығы	405		397		489

Дереккөз: Қазақстан Республикасының нәтижелері PISA 2018 дерекқорынан алынды, (OECD (2019), [oecd.org/pisa/data](https://www.oecd.org/pisa/data))

PISA зерттеуінің нәтижелері дүние жүзіндегі білім беру мүмкіндіктерінің теңдігі мен білім сапасын көрсетіп, білім беру саясатын іске асырумен айналысатын адамдарға өзге елдердің тәжірибелерінен үлгі алуға мүмкіндік береді. PISA 2018 зерттеуінің нәтижелері бес том болып жарияланды:

- **I том, “Білім саласындағы оқу мен теңдік жағдайы”**, білім берудің негізгі екі нәтижесін ұсынады: оқушылардың көрсеткіші және теңдік. Бұл том елдердегі математика, оқу және жаратылыстану бойынша көрсеткіштерін және уақыт өте келе көрсеткіштердің қалай өзгергенін зерттейді. Сонымен қатар білім саласындағы теңдік оқушылардың жынысына, әлеуметтік-экономикалық жағдайына және иммигранттардың шығу тегіне назар аударатырып, инклюзия және әділеттілік тұрғысынан талданады.
- **II том, “Оқу уақытша тоқтатылған кезде және одан кейінгі оқу” (ЭЫДҰ, 2023) оқушы**, мектеп және жүйе деңгейіндегі әртүрлі сипаттамаларды зерттейді және олардың үлгерім, әділеттілік және оқушылардың әл-ауқаты сияқты оқушылардың нәтижелерімен қалай байланысты екенін талдайды. Сонымен қатар бұл томда мектептердің COVID-19-дың салдарынан жабылуы кезінде оқу процесінің қалай ұйымдастырылғаны туралы деректер берілген. Бұл нәтижелер елдерге оқу уақытша тоқтатылған кездерде білім беру жүйелерінің, мектептердің және оқушылардың тұрақтылығын арттыруға көмектесе алады.
- **III том, (ЭЫДҰ, алдағы шығарылым)**, креативтік ойлау туралы. Бұл томда PISA 2022 циклындағы инновациялық бағытты зерттеуге қатысқан 66 елдегі оқушылардың ерекше әрі әртүрлі идеяларды ойлап табу қабілеттері қарастырылады. Ол оқушылардың креативтік ойлауға қатысты көрсеткіштері мен көзқарастарының елдер арасында және елдер ішінде, сондай - ақ оқушы мен мектеп деңгейіндегі әртүрлі сипаттамаларға қарай қалай өзгеретінін зерттейді. Сондай-ақ бұл тарауда оқушылардың шығармашылық істерге қатысуы, креативтік ойлауға қатысу мүмкіндіктері мектептер мен әлеуметтік-демографиялық факторларға қарай қалай өзгеретіні және олардың оқушылардың нәтижелерімен, соның ішінде әл-ауқатымен қалай байланысты екендігі туралы түсінік берілген.
- **IV том, (ЭЫДҰ, алдағы шығарылым)**, қаржылық сауаттылық туралы. Бұл томда осы қосымша зерттеуге қатысқан 23 елдің 15 жасар оқушыларының ақша туралы түсініктері қарастырылған. Бұл томда 15 жасар оқушылардың қаржылық сауаттылығы олардың басқа бағыттар бойынша құзыреттіліктерімен қалай байланысты екендігі және оның әлеуметтік-демографиялық факторларға байланысты қалай өзгеретіні зерттелген. Ол сондай-ақ оқушылардың ақшамен жұмыс істеу тәжірибесіне, олардың қаржылық әрекеті мен қарым-қатынасына, сондай-ақ мектептегі қаржылық сауаттылыққа шолу жасайды.
- **V том, (ЭЫДҰ, алдағы шығарылым)**, оқушылардың үздіксіз білім алуға дайындығы туралы. Бұл томда оқушылардың үздіксіз білім алуы жалғастыруға дайындығының негізгі тұстары берілген. Оларға оқушылардың математикаға деген көзқарасы, әлеуметтік және эмоционалдық дағдылары, болашақ білімі мен мансабына деген ұмтылыстары жатады.



Ең соңғы жарияланған және болашақ
PISA томдарын табыңыз
[oe.cd/publications](https://www.oecd.org/publications)

3.2 Оқушылардың оқу сауаттылығы бойынша нәтижелері

«Мектепке арналған PISA» оқу сауаттылығының түрлі когнитивті дағдыларын бағалайды. Зерттеу аясында оқушылардың бір немесе бірнеше мәтінмен жұмыс істегендегі қолданатын когнитивті стратегиялары, тәсілдері немесе мақсаттары зерттеледі.

PISA зерттеуінде оқу сауаттылығын бағалайтын тапсырмаларды әзірлеуде бес элемент басшылық етеді: ақпаратты алу, кең түсінікті қалыптастыру, ақпаратты түсіндіру, мәтіннің мазмұнын түсіну және бағалау, мәтін формасын түсіну және бағалау.

«Мектепке арналған PISA» зерттеуінде аталған бес элементке жеке талдау жүргізу үшін тапсырмалар жеткіліксіз болғандықтан, есепте олар үш шағын шкалаға біріктіріліп талданады:

- **Ақпаратты іздеу:** ақпараттың бір немесе бірнеше бөлек бөліктерін табу және бөліп алу үшін берілген ақпаратты шарлау.
- **Түсіну:** мәтіннің түпкі мағынасына жету үшін оқылғанды ой елегінен өткізу.
- **Бағалау және талдау:** мәтін ішінде берілген ақпаратты жеке тұлғаның тұжырымдамалары мен тәжірибелерін байланыстыру үшін мәтіннен тыс білімге, идеяларға немесе көзқарастарға сүйену.

PISA бағалау шеңберіне сүйенсек, құзырет ұғымы адамның меңгерген білімін көрсетіп қоюмен шектелмейді.

PISA зерттеуінде құзырет деген – білім мен дағдыларды, мотивацияны, көзқарасты, эмоцияларды және басқа да әлеуметтік және мінез-құлық компоненттерін қоса алғанда, психоәлеуметтік ресурстарды жұмылдыру арқылы әртүрлі жағдайларда туындайтын күрделі мәселелерді тиімді шеше алу қабілеті.

PISA оқушылардың білгендерін қаншалықты қайталай алатынын бағалаудың орнына, оқушылардың меңгерген білімін және жаңа жағдайларда өз құзыреттерін қолдана алуын өлшейді.

Қарапайым есте сақтау немесе алдын ала орнатылған алгоритмдер арқылы шешуге болатын тапсырмаларды цифрландырып, автоматтандыру оңай. Осыған байланысты қазіргі заманда білімге негізделген қоғамда бұл дағдылардың өзектілігі шамалы; олар PISA зерттеуінде қарастырылмайды.




PISA бағалау негіздері туралы

толығырақ оқыңыз
[oe.cd/publications](https://www.oecd.org/publications)

3.2 сурет. Оқу сауаттылығының үш дағдылары бойынша оқушылардың нәтижелері

«Мектепке арналған PISA» тапсырмалары барлық дағдылар тобын бір уақытта өлшемесе де, осы тапсырмаларды басым процеске сәйкес жіктеуге болады. 3.2-суретте PISA 2018 зерттеуіндегі Қазақстан Республикасы мен ЭЫДҰ елдеріндегі басқа мектептермен салыстырғанда оқу сауаттылығының үш дағдылары бойынша сіздің мектебіңіздің нәтижелері көрсетілген. Сіздің мектебіңіздің әрбір нәтижесі үшін суретте оның 95% сенімділік интервалы да көрсетілген. Егер Қазақстан Республикасының немесе ЭЫДҰ-ның тиісті балы аралықта қамтылмаса, бұл бал мен мектебіңіздің балы арасындағы айырмашылықты статистикалық тұрғыдан маңызды деп есептеуге болады.



	Сіздің мектебіңіздің балы	Сәйкес	Қазақстан Республикасының балы	ӘЫДҰ балы
Ақпарат іздеу	401	және айтарлықтай төменірек	389	487
Түсіну	381	және айтарлықтай төменірек	394	487
Бағалау және талдау	366	және айтарлықтай төменірек	389	489

Дереккөз: Қазақстан Республикасының нәтижелері PISA 2018 дерекқорынан алынды, (OECD (2019), oecd.org/pisa/data)

3.3 Оқушылардың математикалық сауаттылығы бойынша нәтижелері

PISA-ның тұжырымдамасына сәйкес математикалық сауаттылық дамыған математикалық ойлауды білдіреді. Осы математикалық ойлауды үш құзыретті пайдалана отырып сипаттауға болады: есепті математикалық түрде тұжырымдау, есепті шешу үшін математикалық білімді қолдану және нәтижелердің мағынасын аша білу.

«Мектепке арналған PISA» тестілеуі мектептер оқушыларды XXI-ғасырдың белсенді азаматтары ретінде жеке, азаматтық және кәсіби өмірінің барлық аспектілерінде математиканы қолдануға қаншалықты тиімді дайындай алғанын өлшейді.


Тұжырымдама үш дағдыны анықтайды: тұжырымдау қабілеті, қолдана білу және мағынасын ашу қабілеті.

Төменде берілген элементтер фундаменталды математикалық дағдыларға және оқушының математикалық біліміне негізделген:

- **Тұжырымдау:** мәселені шешу үшін ұсынылған жағдайдан тапсырманы бөлектеп алу керек. Оқушы берілген жағдайға қандай математикалық білімнің сәйкес келетінін анықтайды, берілген шарттарға сәйкес жағдайды математикалық түрде тұжырымдайды, болжамдар жасау арқылы жағдайды жеңілдетеді. Оқушы, осылайша, математиканың көмегімен шешілетін «жағдаяттық тапсырманы «математикалық тапсырмаға» айналдырады.
- **Қолдану:** математикалық білімді пайдалана отырып, есепті шешу үшін оқушы «математикалық шешімге» қол жеткізу мақсатында математикалық түсініктерді, фактілерді, процестерді, ережелерді және амалдарды қолданады. Бұл кезең, әдетте, математикалық манипуляцияны, түрлендіруді және құралдармен немесе құралдарсыз есептеуді білдіреді.
- **Мағынасын ашу:** содан кейін алынған «математикалық нәтижелерді» тапсырма жағдаятымен байланыстыру үшін оларды бастапқы шарт тұрғысынан түсіндіру керек. Яғни, оқушы алынған математикалық нәтижелердің дұрыстығын шынайы өмірлік жағдай төңірегінде түсіндіреді.

3.3 сурет. Математикалық сауаттылықтың үш дағдылары бойынша оқушылардың нәтижелері

«Мектепке арналған PISA» тапсырмалары модельдеу циклінің барлық қадамдарын өлшемесе де, осы тапсырмаларды басым процеске сәйкес жіктеуге болады. 3.3-суретте PISA 2018 зерттеуіндегі Қазақстан Республикасы мен ӘЫДҰ елдеріндегі басқа мектептермен салыстырғанда математикалық сауаттылықтың үш дағдылары бойынша сіздің мектебіңіздің нәтижелері көрсетілген. Сіздің мектебіңіздің әрбір нәтижесі үшін суретте оның 95% сенімділік интервалы да көрсетілген. Егер Қазақстан Республикасының немесе ӘЫДҰ-ның тиісті балы аралықта қамтылмаса, бұл бал мен мектебіңіздің балы арасындағы айырмашылықты статистикалық тұрғыдан маңызды деп есептеуге болады.



	Сіздің мектебіңіздің балы		Қазақстан Республикасының балы		ӘЫДҰ балы
Тұжырымдау	348	айтарлықтай төменірек	442	және айтарлықтай төменірек	492
Қолдану	361	сәйкес	433	және айтарлықтай төменірек	493
Мағынасын ашу	406	сәйкес	420	және айтарлықтай төменірек	497

Дереккөз: Қазақстан Республикасының нәтижелері PISA 2018 дерекқорынан алынды, (OECD (2019), [oecd.org/pisa/data](https://www.oecd.org/pisa/data))

Оқу процесі балалар мектеп табалдырығын аттамай тұрып басталады да, ересек өмір бойы жалғасады. Бұл отбасында, қоғамда және жеке жағдайларда болады. Ең бастысы, оқу сабақ уақытында сыныпта жалғасады. Мектептерде оқушылар оқумен бірге келетін қуаныш пен көңілсіздікті бастан кешіреді және олардың көпшілігі, негізінен байқаусызда, қалай оқу керектігін үйренеді. Тіпті білім беру жүйелерінің көпшілігі оқушылардың «қалай» үйренетініне емес, «нені үйренгеніне» назар аударса да, оқушылардың көпшілігі мектеп тапсырмаларын орындау және емтихандарға дайындалу үшін белгілі бір оқу стратегияларын дамытады. Олар қабылдаған стратегиялар болашақ оқуларына да әсер етеді.

Оқу процесінің құрамдас бөлігі ретінде оқушылардың оқу стратегиялары оқу үлгеріміне және күнделікті өміріне тікелей әсер етеді. Тікелей әсерден басқа, оқыту стратегиялары ұзақ мерзімді де әсер етуі мүмкін. Мысалы, жаттап алу стратегиясы белгілі бір мектеп орталарында пайдалы болуы мүмкін, бірақ болашақ жұмыс орындарында бұл стратегия оқушыларға жеткіліксіз болады. Ерте ме, кеш пе, терең, сыни, шығармашылық және икемді ойлаудың жетіспеушілігі қиындық туғызуы мүмкін.

Оқыту стратегияларына оқушылар жаңа нәрсені үйренуде қолданатын когнитивті және метакогнитивті процестер жатады. PISA-да оқушылар математиканы меңгеру үшін қолданатын негізгі стратегиялар үш тәсілге топтастырылған: есте сақтау, дамыту және бақылау.

Оқушылар оқу стратегияларының барлық түрлерін қаншалықты белсенді пайдаланатындығымен ерекшеленеді. Кейбіреулер белгілі бір стратегияларды қолдануды қалайтын болса, басқалары мұғалімдердің олардан не күтетініне, өздерінің мотивациясына, тапсырма түріне және жалпы айтқанда, оқу ортасына байланысты әртүрлі стратегияларды қолданады. Оқушылар жаңа ақпаратты оқу процесінің қай кезеңінде кездестіретініне байланысты белгілі бір оқу стратегияларына әр түрлі мән беруі мүмкін: анықтау, түсіну, есте сақтау немесе қолдану. Өйткені, «бірде-бір стратегия панацея емес».



Математикалық сауаттылық бойынша оқушылардың оқу стратегиялары

туралы оқыңыз
oe.cd/il/teach

3.4 Оқушылардың жаратылыстану сауаттылығы бойынша нәтижелері


Жаратылыстану ғылымын меңгеруде білімнің үш элементі қажет етіледі: ғылыми құзырет, стандартты әдістемелік процедураларды білу және жаратылыстану ғылымының мазмұнын білу.

Бұл үш элемент өзара байланысты. Мысалы, ғылыми-техникалық құбылыстарды түсіндіру жаратылыстану ғылымының мазмұнын білуді талап етеді. Ғылыми ізденістерді бағалау және дәлелдемелерді ғылыми тұрғыдан түсіндіру жаратылыстану ғылымының қалай құрылғанын және оны қолданудағы сенімділікті талап етеді.

PISA анықтамасына сәйкес, жаратылыстану сауаттылығына ие адам ғылым мен технология туралы дәлелді дискурсқа қатысуға қабілетті болып келеді.


Бұл үшін қажетті құзыреттер талап етіледі:

- **Түсіндіру:** бұл құзырет табиғи және технологиялық құбылыстардың ауқымында ғылыми түсініктемелерді тану, ұсыну және бағалау мүмкіндігін білдіреді.
- **Бағалау және жоспарлау:** бұл құзырет ғылыми зерттеулерді сипаттауды, жобалауды, бағалауды және мәселелерді ғылыми тұрғыдан шешу жолдарын ұсына алуды білдіреді.
- **Ғылыми қорытындыларды тұжырымдау:** бұл құзырет әртүрлі деректерді, талаптар мен дәлелдерді талдау және бағалау, сонымен қатар, тиісті ғылыми қорытындыларды жасау мүмкіндігін білдіреді.



3.4 сурет. Жаратылыстану сауаттылығының үш дағдылары бойынша оқушылардың нәтижелері

«Мектепке арналған PISA» тапсырмалары барлық құзыреттерді қажет етпесе де, осы тапсырмаларды басым процеске сәйкес жіктеуге болады. 3.4-суретте PISA 2015 зерттеуіндегі Қазақстан Республикасы мен ЭЫДҰ елдеріндегі басқа мектептермен салыстырғанда жаратылыстану сауаттылығының үш дағдылары бойынша сіздің мектебіңіздің нәтижелері көрсетілген. Сіздің мектебіңіздің әрбір нәтижесі үшін суретте оның 95% сенімділік интервалы да көрсетілген. Егер Қазақстан Республикасының немесе ЭЫДҰ-ның тиісті балы аралықта қамтылмаса, бұл бал мен мектебіңіздің балы арасындағы айырмашылықты статистикалық тұрғыдан маңызды деп есептеуге болады.



	Сіздің мектебіңіздің балы	Қазақстан Республикасының балы	ЭЫДҰ балы
Түсіндіру	395	салыстыруға келмейді және айтарлықтай төменірек	493
Бағалау және жоспарлау	333	салыстыруға келмейді және айтарлықтай төменірек	493
Ғылыми түрде түсіндіру	389	салыстыруға келмейді және айтарлықтай төменірек	493

Дереккөз: Қазақстан Республикасының нәтижелері PISA 2015 дерекқорынан алынды, (OECD (2016), [oecd.org/pisa/data](https://www.oecd.org/pisa/data))

Жаратылыстану ғылымы қазіргі өмірдің барлық тұстарында көрініс тапқан. Бұл қарапайым тостерден бастап орбитаға спутниктерді шығаратын қуатты зымыранға дейін біздің айналамызда кездеседі. Медицина, байланыс, көлік және басқа да көптеген салалар арқылы өмір сүру жағдайымызды жақсартудағы жаратылыстану ғылымының орны бөлек.

Қазіргі заманда жаратылыстану ғылымын меңгеру артықшылық емес, қажеттілік болып табылады. АҚШ-тың Еңбек статистикасы бюросының мәліметі бойынша, 2015 жылы Құрама Штаттарда 8,6 миллион жұмыс орны (жұмыс орындарының 6,2% құрайды) ғылым, технология, инженерия және математикаға қатысты салаларда болды. Атап айтқанда, жаратылыстану және математика саласындағы жұмыс орындары 2014 және 2024 жылдар аралығында бұрын-соңды болмаған қарқынмен (28,2%) өседі деп күтілуде, бұл барлық басқа кәсіптер үшін 6,5%.

Бұл өсім қарапайым және біліктілігі төмен процестерді біртіндеп автоматтандырумен қатар жүреді. Дүниежүзілік банк деректері бойынша көптеген мамандықтар, жүк көлігі жүргізушілерінен бастап қаржы мамандарына дейін, алдағы жылдары автоматтандырылады, технология адамның күнделікті істейтін жұмысының барлығын немесе үлкен бөлігін алмастырады. Бұл деректер болашақта жаратылыстану ғылымының маңыздылығын көрсетеді, өйткені жаратылыстану ғылымы пәндерін жақсы оқитын оқушылар болашақ мамандығын осы саламен байланыстырып, жақсы жұмыс табады.

Бірнеше зерттеулер оқушылардың жаратылыстану пәні бойынша оқу жетістіктері мен көзқарастарына мұғалімнің еңбек өтілі мен ғылыми дәрежелерінен гөрі, оның жаратылыстану бойынша оқыту әдістемесі көбірек әсер ететінін көрсетеді. Шынында да, мұғалімдердің әрекеттері оқушыларды жаратылыстану ғылымына баулуы немесе керісінше алшақтатуы мүмкін. Бұл, өз кезегінде, оқушылардың жаратылыстану ғылымындағы жетістіктері мен көзқарастарына оң әсер ететін негізгі оқыту әдістемесін анықтау қажеттілігін көрсетеді.

ЭЫДҰ зерттеулеріне сәйкес, егер сынып оқушылары тәртіпті және зейінді болса, онда жаратылыстану ғылымындағы мәселелерді шешуге негізделген оқыту әдісі жоғары жетістіктерге әкелуі мүмкін. Бұл әдіс жаратылыстану ғылымындағы стереотиптерден туындайтын гендерлік алшақтықты жоюға көмектесіп, оқушыларды мансаптарына ғылыммен байланыстыруға ынталандыруы мүмкін.

Сонымен қатар, бұл зерттеу мектептің ахуалы мен ресурстарына қарамастан, дәстүрлі оқытудың оқушылардың жаратылыстану ғылымдарында көрсеткен нәтижелерімен оң байланыста болатын сенімді стратегия екендігін көрсетеді. Бейімделетін оқыту көптеген елдерде, әсіресе жекелендірілген оқыту тәсілі бар елдерде, жаратылыстану ғылымы жетістіктерімен оң байланыста болады. Ал мұғалімнің беретін кері байланысы оқушылардың математика мен оқу сауаттылығы бойынша жетістіктерін есептен алғаннан кейін жаратылыстану ғылымының жетістіктерімен әлсіз, бірақ оң байланысты болады.



Жаратылыстану ғылымын оқыту стратегиялары мен оқушылардың нәтижелері арасындағы байланыс

туралы толығырақ оқыңыз

oe.cd/il/scienceteaching

3.5 Мектебіңіздің PISA сауаттылық деңгейлері бойынша нәтижелері

Оқушылардың XXI ғасырда табысқа жетуі үшін олардың оқуын жалғастырып, еңбек нарығына шығу кезінде қоғамдық өмірге сәтті қатысуға мүмкіндік беретін дағдылар мен құзыреттерді көрсетуі маңызды. PISA зерттеуіне сәйкес, 15 жаста дағдылар мен оларды дамытудың әр түрлі деңгейлері болашақта әртүрлі жұмысқа орналасу нәтижелерімен байланысты болуы мүмкін.

PISA нәтижелері оқушылардың үлгерімін ең жақсы нәтиже көрсеткен оқушылардан (6-деңгей) ең төмен нәтиже көрсеткендерге (2-деңгейден төмен) дейін әр бағыттың алты біліктілік деңгейіне сәйкес топтастырады.

2-деңгей анықтамалық және базалық топ ретінде пайдаланылады. Бұл деңгей оқушылардың өмірге қажетті және нәтижелі қатысуына мүмкіндік беретін құзыреттерді көрсете бастайтын біліктілік деңгейін білдіреді.

Үш бағыттың әрбір біліктілік деңгейі үшін егжей-тегжейлі сипаттама алғыңыз келе ме? Оқырманға арналған нұсқаулықты қараңыз!


www.oecd.org/pisa/pisa-for-schools

«Мектепке арналған PISA» зерттеуіне қатысатын мектептердің іріктеме көлемі әдетте шағын болғандықтан, бұл есеп оқушыларды үш топқа біріктіреді:

- **жоғарғы деңгейлерге** (PISA 5 және 6 деңгейлеріне сәйкес) жеткен және ертеңгі күннің жоғары білікті қызметкері болатын оқушылар;
- **орта деңгейде** орындайтын (PISA 2, 3 және 4 деңгейлеріне сәйкес) және оқуын жалғастырып, еңбек нарығына шығу кезінде қоғамдық өмірге сәтті қатысуға мүмкіндік беретін дағдылар мен құзыреттерді көрсете алатын оқушылар;
- PISA 2-деңгейінің бастапқы деңгейінен төмен нәтиже көрсететін және білім беру мен еңбек нарығында нашар нәтиже көрсетуі мүмкін оқушылар.

3.5 сурет. Оқушылардың оқу, математикалық және жаратылыстану сауаттылықтарының деңгейлері бойынша нәтижелері

3.5-суретте мектебіңіздегі оқушылардың сауаттылық деңгейлері бойынша нәтижелері берілген. Мектебіңіздің нәтижелері PISA 2018 зерттеуі бойынша Қазақстан Республикасы мен ӘЫДҰ елдеріндегі мектептердегі оқушылардың алған орташа көрсеткіштерінің жанында көрсетілген.



Дереккөз: Қазақстан Республикасының нәтижелері PISA 2018 дерекқорынан алынды, (OECD (2019), oecd.org/pisa/data)



ӘЫДҰ дамыған немесе дамып келе жатқан елдер мен экономикалардың нақты саясаттары мен тәжірибелерін көрсететін көптеген бейнелерді жинады. Олардың тәжірибесі туралы көбірек білгіңіз келе ме? Мұнда сіз бірнешесін таба аласыз!
oe.cd/strongperf

Оқу сауаттылығы: Зерттеудің оқу сауаттылығы бағыты белсенді, мақсатты және функционалды қолданылуын бағалайды. Жоғары деңгейдегі білікті оқушылар бейтаныс мәтіндерді сыни тұрғыдан бағалауға және олар туралы гипотеза құруға, арнайы білімге сүйене отырып, тұжырымдамаларды қабылдауға қабілетті болып келеді.

PISA бойынша 2-деңгейдегі оқушылар қоғам өміріне және нәтижелі қатысуға мүмкіндік беретін оқу дағдыларын көрсете бастайды.


Математикалық сауаттылық: Зерттеудің математика бағыты оқушының математиканы әртүрлі құзыреттерді тұжырымдау, қолдану және түсіндіру қабілетін бағалайды. Математикалық сауаттылықтан 5 және 6-деңгейге жеткен оқушылар күрделі жағдайларда үлгілерді әзірлеуге және олармен жұмыс істеуге, шектеулерді анықтауға және болжамдауға қабілетті.

Математикалық сауаттылықтың бастапқы деңгейінде орындайтын оқушылар (2-деңгей) негізгі алгоритмдерді, формулаларды, процедураларды немесе конвенцияларды қолданады және олар тікелей қорытындыны қажет етпейтін жағдайларды түсіндіре алады.

Жаратылыстану сауаттылығы:

Жаратылыстану ғылымы оқушылардың құбылыстарды ғылыми тұрғыдан түсіндіру, ғылыми ізденістерді бағалау және жобалау, деректер мен дәлелдемелерді ғылыми тұрғыдан түсіндіру қабілетін өлшейді. Ең жоғары деңгейдегі оқушылар өздерінің білімдері мен дағдыларын әртүрлі жағдайларда, соның ішінде бейтаныс жағдайларда шығармашылық танытып, өз бетінше қолдана алу үшін ғылымды меңгерген.

Жаратылыстану ғылымын меңгерудің бастапқы деңгейінде (2-деңгей) оқушылар ғылым мен технологияға қатысты жағдайларда белсенді қатысуға мүмкіндік беретін құзыреттерді көрсете отырып, сәйкес ғылыми түсініктемені анықтау үшін күнделікті мазмұндық білімге сүйене алады.



3.6 Қыздар мен ұлдардың нәтижелерін қарастыру

PISA 2022 зерттеуінде ЭЫДҰ бойынша орта есеппен қыздар ұлдарға қарағанда оқу сауаттылығы бойынша біршама жоғарырақ нәтиже көрсетсе, ұлдар өз кезегінде математикалық сауаттылық бойынша қыздардан асып түсті. Ұлдар мен қыздардың жаратылыстану бағыты бойынша нәтижелері арасында статистикалық маңызы бар айырмашылық байқалған жоқ. Алайда, бұл нәтижелер әр елде әртүрлі.

Математикалық сауаттылық PISA-2012 және PISA-2022 циклдарында бағалаудың негізгі бағыты болды. Екі цикл арасындағы математикалық сауаттылық нәтижелері ЭЫДҰ елдерінде ұлдар мен қыздар арасындағы айырмашылықтың сақталғанын көрсетеді.

Мектебіңізде гендерлік айырмашылықтар бар ма? Бұл айырмашылықты Қазақстан Республикасы мен әлемдегі басқа елдермен қалай салыстыруға болады? Мектебіңіздің нәтижелерін ескере отырып, осы айырмашылықты жою үшін қандай шаралар енгізе аласыз?

Үш бағыт ішінде нәтижелердегі ең шамалы гендерлік айырмашылық жаратылыстану сауаттылығында екені анықталды.

Дегенмен жаратылыстану сауаттылығы бойынша ұлдар мен қыздардың жалпы орташа көрсеткіштері қыздардың ең жоғары деңгейге жетуде қиналатынын, ал ұлдардың негізгі дағдыларды меңгеруде қиналатынын көрсетпейді. Үш салада да қыздарға қарағанда, ұлдардың көрсеткіштері әр түрлі болып келеді, яғни ең жақсы нәтиже көрсеткен ұлдардың үлгерімі ең төмен нәтиже көрсеткен ұлдардан әлдеқайда жоғары. Ал қыздар бойынша ең жоғары және ең төмен нәтиже көрсеткендер арасындағы айырмашылық азырақ.

Бірақ бұл көрсеткіштер әр елде, әр жылда әр түрлі. Осының бәрі оқушылардың оқу жетістіктеріндегі гендерлік айырмашылықтар олардың туа біткен ерекшеліктерінен туындамағанын білдіреді. Қайта бұған ата-аналар, мұғалімдер, саясаткерлер және қоғам белсенділері ықпал ететін факторлар әсерінен болды деген сөз.

Ұлдар мен қыздардың академиялық жетістіктерге деген ұмтылысын ынталандыратын және оқуға кедергі келтіретін мінез-құлықты өзгертуге бағытталған әрекеттер ұлдарға да, қыздарға да өздерінің әлеуетін толық ашуға мүмкіндік береді және осылайша олардың қабілеттерін пайдалану арқылы қоғамға үлес қоса алады.




Оқу жетістіктеріндегі гендерлік айырмашылық неге әкелуі мүмкін

екенін толығырақ оқыңыз

oe.cd/il/PISA15vol1

3.6 сурет. Оқу, математикалық және жаратылыстану сауаттылығы бойынша қыздар мен ұлдардың нәтижелері

3.6-суретте PISA 2018 зерттеуіндегі Қазақстан Республикасы мен ЭЫДҰ елдеріндегі басқа мектептермен салыстырғанда қыздар мен ұлдардың оқу, математика және жаратылыстану сауаттылықтары бойынша мектебіңіздің нәтижелері көрсетілген. Әр бағыт үшін үш диаграмма жинағы берілген. 95% сенімділік интервалында статистикалық мәні бар нәтижелер толық толтырылған маркерлермен белгіленген.



Ескертпе: статистикалық мәні бар нәтижелер толық толтырылған маркерлермен белгіленген.


Дереккөз: Қазақстан Республикасының нәтижелері PISA 2018 дерекқорынан алынды, (OECD (2019), [oecd.org/pisa/data](https://www.oecd.org/pisa/data))

3.7 Үлгерімі ең жоғары және ең төмен оқушылар арасындағы айырмашылық

Есептің осы және келесі бөлімдері білім алудағы тең мүмкіндіктердің мәселесіне негізделіп, мектебіңіздегі белгілі бір топ оқушыларының нәтижелеріне ерекше назар аударады. Бұл бөлімдер PISA 2018 зерттеуіндегі Қазақстан Республикасының және басқа елдердің орташа нәтижелерін емес, ең алдымен мектебіңіздің нәтижелерін басқа мектептердің нәтижелерімен салыстырады. Мектеп деңгейіндегі нәтижелердің ел деңгейіндегі нәтижелерден айырмашылығы - мектеп нәтижелері елдегі барлық мектептердің орташа нәтижелерінің арифметикалық ортасы болып табылады.


Мысалы, егер білім беру ұйымының нәтижесі әлеуметтік-экономикалық жағдайы ең жоғары оқушылардың 25%-ының нәтижелеріне сәйкес болатын болса, онда бұл нәтиже әрқайсысында әлеуметтік-экономикалық жағдайы ең жоғары оқушылардың 25%-ының орташа балын есептеу арқылы алынады. Әр мектептің орташа балдары елдегі ең қолайлы әлеуметтік-экономикалық мектептегі оқушылардың 25% орташа балын алу үшін орташаланады. Нәтижесінде, ақпарат елдегі белгілі бір орташа деңгейдегі мектептің нәтижелерін көрсетеді.

Мектебіңіздегі ең жоғары және ең төмен балл жинаған оқушылар арасындағы айырмашылық мектебіңіздегі оқушылардың оқу жетістіктер көрсеткіштері қаншалықты алшақ бола алатынын көрсетеді. Қазақстан Республикасындағы басқа мектептермен/колледждермен салыстырғандағы үлкен айырмашылық - мектебіңіздің басқа мектептерге/колледждерге қарағанда оқу жетістіктерінде шамалы теңдікке ие екенін көрсетуі мүмкін. Екінші жағынан, кішкентай айырмашылық мектебіңіз білім беруде көбірек теңдікке ие екенін көрсетуі мүмкін.



3.7 сурет. Жоғары және төмен бал жинаған оқушылардың оқу, математикалық және жаратылыстану сауаттылықтары бойынша нәтижелері

3.7-суретте мектебіңіздегі оқушылардың жоғарғы және төменгі кватилдері арасындағы үлгерім айырмашылығы көрсетілген. Әр тармақ үшін үш диаграмма жинағы берілген. Диаграммалардың әрбір жинағында мектебіңіздің нәтижесі PISA 2018 зерттеуіндегі Қазақстан Республикасы мен ЭЫДҰ елдеріндегі орташа нәтижелерінің жанында көрсетіледі. Әрбір тармақ үшін жоғарғы маркер мектебіңіздегі оқушылардың ең жақсы 25% арасындағы орташа нәтижені білдіреді. Төменгі көрсеткіш болса мектебіңіздегі оқушылардың ең төменгі 25% арасындағы орташа нәтижені білдіреді. 95% сенімділік интервалында статистикалық мәні бар нәтижелер толық толтырылған маркерлермен белгіленген.



Ескертпе: статистикалық мәні бар нәтижелер толық толтырылған маркерлермен белгіленген.

Дереккөз: Қазақстан Республикасының нәтижелері PISA 2018 дерекқорынан алынды, (OECD (2019), [oecd.org/pisa/data](https://www.oecd.org/pisa/data))

Көптеген талдау нәтижелері 15 жастағы оқушылардың үлгерімінің төмен болуы тек бір факторға емес, қайта оқушыларға өмір бойы әсер ететін әртүрлі кедергілер мен қиындықтарға байланысты екенін көрсетеді.

Бұл факторлар барлығына әсер еткенімен, үлгерімі төмен оқушылар арасында, осы факторлардың болуы жағдайы жақсы оқушыларға қарағанда, жағдайы нашар оқушыларға көбірек зиян тигізеді. ЭЫДҰ елдері бойынша орташа алғанда, демографиялық сипаттамалар мен мектепке дейінгі білімнің жоқтығы әлеуметтік-экономикалық жағдайы төмен оқушыларды озат оқушыларға қарағанда нашар оқуға бейім ететіні белгілі.

Үлгерімі төмен оқушылар жақсы оқитын оқушыларға қарағанда табандылық танытпайды, олардың ынтасы төмен және өздерінің математикалық білімдеріне сенімсіз болады. Олар сабақтан, тіпті күні бойы мектептен қалуы ықтимал. PISA-ға дейінгі екі апта ішінде кем дегенде бір рет мектептен қалған оқушылардың математикадан төмен нәтиже көрсету ықтималдығы мектептен қалмаған оқушыларға қарағанда үш есе жоғары болды.

Мұғалімдері қолдау көрсететін және сабақ тәртібін бірінші орынға қойған мектеп оқушысы төмен көрсеткіш көрсетуі екіталай, ал мұғалімдері оқушыларына үміт артпайтын әрі балалары сабақтан жиі қалатын мектеп оқушысы өзінің не мектептің әлеуметтік-экономикалық жағдайына қарамастан, оқуда нашар көрсеткіштерге ие болады.

Орта есеппен алғанда ЭЫДҰ елдерінде оқушының және мектептің әлеуметтік-экономикалық жағдайын есепке алғанның өзінде көрсеткіштері нашар оқушылар жиналған мектептерде білім беру ресурстары азырақ болып шықты, ал мұғалімдердің жетіспеушілігі жоғары деңгейде болды.

Білім беру ресурстары мектептер арасында біркелкі бөлінген елдерде, тіпті білім беру ресурстары бірдей сападағы мектеп жүйелерін салыстырған кезде де, математикалық сауаттылықтан төмен нәтиже көрсеткендер үлесі азырақ, ал жоғары нәтиже көрсеткен оқушылар үлесі көбірек болды.

Білім беру саласындағы басшылардың бірінші қадамы - оқу үлгерімі төмен оқушыларды қолдауды өздерінің басты міндеті қылу, оны шешу үшін қосымша ресурстарды жұмылдыру.

Нәтижелері нашар оқушылардың санын азайтуға негізделген бағдарлама бірнеше шараларды қамтуы мүмкін, мысалы:

- мектепте бір жағынан оқушыларға жоғары талаптар қоятын болса, екінші жағынан осындай талаптарды орындауға қолдау көрсететін оқу ортасын құру;
- оқушыларға мүмкіндігінше ертерек қолдау көрсету;
- оқу үлгерімі төмен оқушыларды анықтау және жеке оқыту стратегиясын құру;
- иммигрант оқушылар, ұлттық/этникалық азшылық тілдерінде сөйлейтін оқушылар және ауылдық жерлерде тұратын оқушылар үшін қосымша бағдарламалар әзірлеу; және
- ерте жастан дамытуды қолжетімді ету.



Үлгерімі төмен оқушылар неге артта қалады және оларға табысқа жету үшін қалай көмектесу керектігі

туралы толығырақ оқыңыз
oe.cd/lowperf

3.8 Мектебіңіздегі оқушылардың нәтижелеріне әлеуметтік-экономикалық жағдайдың әсері

Мектебіңіздегі оқушылардың үлгерімі олардың әлеуметтік-экономикалық жағдайына байланысты қалай өзгереді? Мектебіңіздің әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерінің басқа елдердегі және экономикалардағы мектептермен салыстырғандағы айырмашылықтары қандай?

PISA деректері көптеген елдерде, тіпті PISA-да жақсы нәтиже көрсеткен елдерде де оқушылардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы олардың білім алу және дағдыларын дамыту мүмкіндіктеріне әсер ететінін көрсетеді.

Табысы жоғары отбасылар көбінесе кітаптарды сатып алуға, жоғары сапалы мектепке дейінгі тәрбие мен бала күтіміне, қосымша дамыту іс-шараларына қаражат бөледі және қажет болған жағдайда жеке репетиторларды да жалдайды. Ата-аналардың табысының төмендігі балаларды тәрбиелеу және олардың қажеттіліктерін қамтамасыз ету қабілетіне теріс әсер етеді, ал балалық және жасөспірімдік кезеңдегі кедейлік көбінесе когнитивті дамудың баяулауына және денсаулығының нашарлауына әкелуі мүмкін.

Сондықтан білім берудегі теңдік және әділеттік – білім беру нәтижелері оқушылардың жеке жағдайларына емес, қабілетінің, ерік-жігерінің және күш-жігерінің нәтижесі болып табылатын – мүмкіндіктер мен әлеуметтік өсудің теңдігінің негізі болып табылады.

Ауқатты отбасыдан шыққан оқушы емес, ең талантты оқушының ең сапалы білім алу мүмкіндіктеріне қол жеткізуін қамтамасыз ету ресурстарды тиімді пайдаланудың және жалпы білім мен әлеуметтік нәтижелерді көтерудің тәсілі болып табылады.

Әлеуметтік-экономикалық жағдай – оқушының, мектептің немесе мектеп жүйесінің көптеген аспектілерін жинақтайтын кең ұғым. PISA және «Мектепке арналған PISA» зерттеулерінде бұл тұжырымдама оқушылардың отбасысы туралы сауалнамадан жиналған ақпаратты пайдалана отырып өлшенеді. Оқушылар сауалнамадағы әртүрлі айнымалылар арқылы – ата-ананың білімі, ата-анасының кәсібі, материалдық байлықты білдіретін үй мүлкі, үйдегі кітаптар мен басқа да білім беру ресурстарының саны – PISA экономикалық, әлеуметтік және мәдени жағдай индексі (ESCS) құрайды, бұл айнымалылар «Мектепке арналған PISA» зерттеуінде де қолданылады.

ESCS индексі әдетте ел деңгейінде -3,5 пен +2,0 аралығын құрайды, ал төменгі мәндер әлеуметтік-экономикалық жағдайдың төмендігін көрсетеді. ESCS индексі 0,0 мәні ЭЫДҰ орташа экономикалық, әлеуметтік және мәдени мәртебесіне сәйкес келетіндей етіп құрастырылған және 1 мәні ЭЫДҰ орташа 0,0 стандартты ауытқуынан 1 стандартты ауытқудың айырмашылығына тең болатындай стандартталған. ESCS индексі туралы қосымша мәліметтер алу үшін Оқырмандар нұсқаулығы мен «Мектепке арналған PISA» техникалық есебінен кеңес ала аласыз.

PISA нәтижелері бір мектеп жүйесінде білім берудегі жетістіктер мен теңдікке қол жеткізуге болатынын көрсетеді. Яғни, оқушылар жоғары нәтижелерге қол жеткізе алады, ал олардың үлгеріміне әлеуметтік-экономикалық жағдайдың әсері салыстырмалы түрде аз болуы мүмкін.

Білім берудегі теңдік пен әділдікті қамтамасыз ету – білім беру саясаты мен келісілген іс-әрекетті әзірлеу мәселесі. Білім берудегі үлкен теңдікке қол жеткізу – бұл әлеуметтік теңдіктің талабы ғана емес, сонымен бірге ресурстарды тиімді пайдаланудың, экономикалық өсуге және қоғамды біріктіруге ықпал ететін құзыреттер жиынтығын арттырудың жолы. Осылайша, теңдік білім беру жүйесін жетілдірудің кез келген стратегиясының негізгі міндеттерінің бірі болуы керек.

PISA зерттеуі зерттеуге қатысатын елдер мен экономикалардың көпшілігінде оқушылардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы және иммигранттығы олардың оқу жетістіктеріне елеулі әсер ететінін көрсетеді. Дегенмен, PISA зерттеуі сонымен қатар оқушылардың әлеуметтік-экономикалық әл-ауқаты мен нәтижелері арасындағы байланыс әр елде әртүрлі екенін көрсетеді.

Кейбір жоғары нәтиже көрсететін елдерде бұл қатынас орташа деңгейден төмен, яғни жоғары үлгерім мен білім берудегі теңдік бір-бірін жоққа шығармайды. Сондықтан, PISA зерттеуі білім беру мүмкіндіктеріндегі теңдік факторы нәтижелердегі шамалы ауытқулардың себебі болмай, әртүрлі ортадан шыққан оқушылар үшін жоғары нәтижеге әкелетінін атап көрсетеді.

PISA зерттеуі оқушының дүниеге келгеннен бастап жинақтаған білімі мен дағдыларын бағалайды. Балаларды ерте жастан дамытуға жасаған инвестициялардың болашақта қайтарымы көп болады. Керісінше, кез келген жаста дамуға болатынына қарамастан, оқушының үлгерімі артта қалған кезде әрекет ету қымбаттырақ түседі және оның тиімділігі азырақ болады.

Білім беру саясаты әлеуметтік және экономикалық бірлесуді арттыруға және мүмкіндігінше көп отбасыларға балаларының білім алуына тиімді қолдау көрсетуге мүмкіндік беруі керек. Кейбір елдер үшін бұл мектептегі білім беруді жақсарту және бүкіл ел бойынша білім сапасын арттыру дегенді білдіруі мүмкін. Ең бастысы, білім беру мүмкіндіктері мен тиімділігінде теңдіктің жоғары деңгейіне қол жеткізу бәсекелес емес, бірін-бірі толықтырушы мақсаттар ретінде қарастырылуы керек.




Білім берудегі теңдік және жүргізілетін білім беру саясаты

туралы толығырақ оқыңыз
oe.cd/il/PISA15vol1

3.8 сурет. Әлеуметтік-экономикалық жағдайы ең жақсы және ең нашар оқушылардың оқу, математика және жаратылыстану сауаттылықтары бойынша нәтижелері

3.8-суретте PISA 2018 бойынша зерттеуіндегі Қазақстан Республикасы мен ЭЫДҰ елдеріне сәйкес, мектепшілік нәтижелердің жанында Сіздің мектебіңіздегі әлеуметтік-экономикалық жағдайы ең жақсы және ең нашар оқушылардың үлгеріміндегі айырмашылық көрсетілген. Бағалаудың әрбір бағыты үшін диаграмма сіздің мектебіңіздің, Қазақстан Республикасының және ЭЫДҰ-ның орташа нәтижелерін, сонымен қатар оқушылардың жоғарғы және төменгі 25% (ESCS индексі бойынша) көрсетеді. 95% сенімділік интервалында статистикалық мәні бар нәтижелер толық толтырылған маркерлермен белгіленген.



Ескертпе: статистикалық мәні бар нәтижелер толық толтырылған маркерлермен белгіленген.

Дереккөз: Қазақстан Республикасының нәтижелері PISA 2018 дерекқорынан алынды, (OECD (2019), [oecd.org/pisa/data](https://www.oecd.org/pisa/data))

Білім берудегі теңдік пен әділеттілікке дарындарды дамыту жолындағы кедергілерді жою арқылы қол жеткізуге болады. Бұл мәселелер оқушылар өздігінен әсер ете алмайтын экономикалық және әлеуметтік факторлардың нәтижесінде туындайды, оларға, мысалы, отбасы ішінде немесе мектеп ортасында оқу ресурстарының аздығын жатқызуға болады.

PISA-ның теңдік мәселесін зерттеуінің бір жолы – оқушының әлеуметтік-экономикалық деңгейі оның үлгерімін қаншалықты айқындайтынын бақылау болып табылады (бұл PISA зерттеуінде әлеуметтік-экономикалық градиент күші деп аталады).

Білім берудегі теңдіктің соңғы тенденциялары осы көрсеткіштің PISA 2006 және PISA 2015 арасындағы ғылыми сауаттылыққа бағытталған екі цикліндегі салыстыруы арқылы жақсы талданады.

Соңғы онжылдықта көптеген PISA-ға қатысушы елдерде білім берудегі теңдік жақсарып жатқан жоқ. 2006 жылы ЭЫДҰ елдері бойынша орта есеппен оқушылардың жаратылыстану ғылымдары бойынша үлгеріміндегі диспропорцияның 14% оқушының әлеуметтік-экономикалық жағдайымен түсіндірілуі мүмкін. 2015 жылға қарай нәтижелердегі айырмашылықтардың тек 13%-ын түсіндіруге болады. Дегенмен, кейбір елдерде әлеуметтік-экономикалық нәтижелер 2-7 пайыздық тармаққа төмендеді. Білім берудегі үлкен теңдік жолындағы ілгерілеу мақтауға тұрарлық, өйткені осы елдердің көбінде сол кезеңде табыс теңсіздігінің артуы байқалды.

Тең мүмкіндіктер тенденциялары әлеуметтік-экономикалық жағдайдың білім беру нәтижелеріне жалпы әсер етуінен де көрінеді. Соңғы онжылдықта әртүрлі әлеуметтік-экономикалық топтардағы оқушылар арасында байқалған үлгерім айырмашылығы бірнеше елдерде 5-13 тармаққа төмендеді.

Әлеуметтік теңдіктің жақсаруына әлеуметтік жағдайы нашар оқушылардың нәтижелерінің өсуі себеп болды ма? Оқушылардың қолайсыз сыртқы әсерлерге төзімділігінің тенденциялары көптеген елдерде жағдай осылай екенін білдіреді. Төзімді оқушылар - бұл барлық кедергілерді жеңіп шыққан және бүкіл әлем бойынша әлеуметтік-экономикалық жағдайы бірдей оқушылармен салыстырғанда, жоғары нәтиже көрсететін әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардан шыққан оқушылар.



Соңғы онжылдықта білім берудегі теңдік қай жерде жақсарғаны

туралы толығырақ оқыңыз

oe.cd/il/equity

3.9 Еліңіздің әлеуметтік-экономикалық жағдайындағы мектебіңіздің нәтижелері

3.9-суретте PISA 2018 зерттеуіне қатысқан Қазақстан Республикасының барлық мектептерінің әлеуметтік-экономикалық мәнмәтінде оқу сауаттылығы бойынша мектебіңіздің нәтижелері көрсетілген. Тік шкала (ОУ осі) оқу сауаттылығы бойынша PISA сауалнамасының нәтижелерін білдіреді. Көлденең шкала (ОХ осі) экономикалық, әлеуметтік және мәдени жағдай индексімен (ESCS) өлшенетін оқушылардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын көрсетеді.

Бұл көрсеткішті талдай отырып, оқушылардың орташа әлеуметтік-экономикалық жағдайы мәндердің жоғарылауымен (солдан оңға қарай) өсетінін есте ұстаған жөн. Осылайша, шкаланың төменгі жағында көрсетілген мектептер (мысалы, -1,5) графиктің сол жағында пайда болады, бұл осы мектептердегі оқушылар орта есеппен әлеуметтік жағынан төмен топтардан шыққанын көрсетеді. ESCS мәні +1,0 немесе одан жоғары мектептер (ОХ осінің оң жағында) негізінен неғұрлым қолайлы ортадан шыққан оқушылардың нәтижелерін көрсетеді.

Суреттегі диагональды сызық (регрессия сызығы) PISA 2018 зерттеуіне қатысатын барлық мектептердің нәтижелеріне негізделген әлеуметтік-экономикалық жағдай мен нәтижелер арасындағы байланысты көрсетеді. Диагональді сызықтан жоғары тұрған мектептер өз оқушыларының әлеуметтік-экономикалық жағдайын есепке ала отырып, Қазақстан Республикасындағы мектептерден күтілетін деңгейден де жоғары көрсеткіш көрсетіп, ал сызықтан төмен тұрған мектептер осын деңгейден оларға артылған үмітті ақтамай, төмен көрсеткіштер көрсетті.

Әрбір графикте екі көлеңкелі аймақ бар. Көлденең көлеңкеленген аймақ мектебіңіздің PISA оқу балының айналасындағы сенімділік аралығын білдіреді. Тік көлеңкелі аймақ мектебіңіздің ESCS балының айналасындағы сенімділік аралығын білдіреді. Олардың қиылысатын жері - «Мектепке арналған PISA» зерттеуі мектебіңізде жүйелі түрде өткізілсе, мектебіңіздің нәтижелері 95% жағдайда алынуы мүмкін болатын аймақ.

Мектебіңіздің нәтижелерін PISA-2018 зерттеуіндегі Қазақстан Республикасының барлық мектептерінің нәтижелерімен ғана емес, сонымен қатар, оқушыларының әлеуметтік-экономикалық деңгейі бірдей мектептермен салыстыруға болады. Бұл нәтижелер бүкіл тік көлеңкеленген аумақта орналасқан.

Мектебіңіз осы көлеңкелі аймақтағы мектептермен қалай салыстырылады? Оқушыларыңыздың әлеуметтік-экономикалық мәртебесін ескере отырып, мектебіңіздің нәтижелері күтілетін нәтижелермен (диагональды сызық) қалай сәйкес келеді?

Бұған қоса, мектебіңіздің нәтижелерін оқушылары бірдей орындайтын, бірақ әртүрлі әлеуметтік-экономикалық топтарға жататын көлеңкелі көлденең аумақтағы мектептердің нәтижелерімен салыстыруға болады. Мектебіңіздің нәтижелерін азды-көпті жағдайы жақсы оқушылардың нәтижелерімен салыстыруға болады ма? 3.10 және 3.11 суреттерде PISA 2018 зерттеуіне қатысқан Қазақстанның барлық мектептерінің әлеуметтік-экономикалық мәнмәтіндегі математика және жаратылыстану сауаттылығы бойынша мектебіңіздің нәтижелері берілген.

3.9 сурет. Мектебіңіздің оқу сауаттылығы бойынша PISA 2018 зерттеуіне қатысқан Қазақстан Республикасының барлық мектептерімен салыстырғандағы нәтижелері



Ескертпе: берілген нүктенің өлшемі мектептегі оқушылар санына пропорционал.

Дереккөз: Қазақстан Республикасының нәтижелері PISA 2018 дерекқорынан алынды, (OECD (2019), [oecd.org/pisa/data](https://www.oecd.org/pisa/data))

3.10 сурет. Мектебіңіздің математикалық сауаттылық бойынша PISA 2018 зерттеуіне қатысқан Қазақстан Республикасының барлық мектептерімен салыстырғандағы нәтижелері



Ескертпе: берілген нүктенің өлшемі мектептегі оқушылар санына пропорционал.

Дереккөз: Қазақстан Республикасының нәтижелері PISA 2018 дерекқорынан алынды, (OECD (2019), oecd.org/pisa/data)

3.11 сурет. Мектебіңіздің жаратылыстану сауаттылығы бойынша PISA 2018 зерттеуіне қатысқан Қазақстан Республикасының барлық мектептерімен салыстырғандағы нәтижелері



Ескертпе: берілген нүктенің өлшемі мектептегі оқушылар санына пропорционал.

Дереккөз: Қазақстан Республикасының нәтижелері PISA 2018 дерекқорынан алынды, (OECD (2019), oecd.org/pisa/data)

PISA зерттеуінің анықтамасына сәйкес, академиялық тұрақты оқушылар өз еліндегі әлеуметтік және экономикалық тұрғыдан ең нашар оқушылардың 25% қатарына кіре тұра, зерттеудің барлық салаларында сауаттылық шкаласы бойынша 3-ші деңгейдің немесе одан да жоғары деңгейдің балын жинай алатын оқушылар болып табылады.

Әртүрлі елдер мен түрлі уақытта оқудан тұрақты көрсеткіш көрсеткен оқушылардың үлесіндегі айырмашылықтар негізінен барлық оқушылардың орта есеппен қол жеткізген нәтижелерінің айырмашылығын көрсетеді. Төзімді оқушылардың ең төменгі үлесі үлгерімі төмен елдердегі қолайлы жағдайы бар оқушылар арасында кездеседі. Бұл айырмашылық тең білім беру мүмкіндіктерін қамтамасыз ету қаншалықты жүзеге асырылатынын көрсетеді.

PISA зерттеуінің деректері кейбір елдер әлеуметтік-экономикалық жағдайы төменгі деңгейіндегі оқушылар арасында академиялық тұрақтылықты арттыруға қол жеткізгенін көрсетеді.

Әлеуметтік-экономикалық жағдайы төмен оқушылардың академиялық тұрақты болу ықтималдығы әртүрлі елдерде ғана емес, оқитын мектептеріне байланысты бір білім беру жүйесінде де әр түрлі болады. PISA-2012 және PISA-2015 зерттеулерінің деректеріне егжей-тегжейлі талдау жүргізілгенде, оқушылардың кем дегенде 5% әлеуметтік-экономикалық жағдайы төмен бола тұра, академиялық тұрақтылық көрсеткен елдер тобына назар аударылды.

Зерттеу оқушылары әлеуметтік-экономикалық жағдайы төмен болғанына қарамастан, жақсы нәтиже көрсеткен мектептердің/колледждердің кейбір ортақ белгілерін анықтады.

Зерттелетін білім беру жүйелерінің басым көпшілігінде оқушылардың, мектептердің және басқа да жеке тұлғалардың әлеуметтік-экономикалық жағдайындағы айырмашылықтарды ескергеннен кейін де, жағдайы нашар мектептерге қарағанда, оқушылар жақсы тәртіптік ахуалы бар мектептерде әлеуметтік-экономикалық жағдайы төмен оқушылар төзімдірек болады.

Оқушылары зейін қойып оқитын, мұғалімдері оқыту әдістерін тиімді қолданатын тәртібі жақсы сыныптарда оқу барлық оқушылар үшін маңызды, бірақ бұл әсіресе әлеуметтік экономикалық жағдайы осал оқушыларға аса қажет. PISA-ға дейінгі екі апта ішінде сабақтан қалмаған оқушылардың үлесі мен академиялық тұрақтылық арасында да сондай байланыс бар.

Әлеуметтік-экономикалық жағынан төмен оқушылардың төзімділік ықтималдығы, керісінше, олардың мектептеріндегі материалдық және адам ресурстарының көлеміне байланысты болмайды.



Әлеуметтік-экономикалық жағдайы төмен оқушылар табысқа жететін елдер мен мектептер

туралы толығырақ оқыңыз
oe.cd/il/succeed

3.10 Оқушылардың үлгерім тенденциялары


Оқушылардың үлгерім тенденциялары Сіздің мектебіңіздің уақыт өте келе жақсарып не жақсармағандығын және қалай дамып келе жатқанын көрсетеді.

Мағыналы салыстырулар жүргізу үшін белгілі бір шарттар орындалуы керек.


- Біріншіден, нәтижелерді ортақ шкала бойынша ұсыну үшін кейінгі бағалауларда ортақ сұрақтар жеткілікті болуы керек.
- Екіншіден, кейінгі бағалаулардағы да оқушылар іріктемесі бірдей деңгейде репрезентативті болуы керек, яғни мақсатты популяцияның сипаттамаларын бірдей деңгейде қамтуы керек. Сонымен қатар, Мектептерге арналған PISA стандарттарына сай келетін іріктемелердегі нәтижелерді ғана уақыт өте келе салыстыруға болады.
- Үшіншіден, тест көрсеткіштері пәндік саладағы негізгі білім деңгейін бірдей етіп көрсетуі үшін әр жылғы бағалау шарттары жеткілікті деңгейде ұқсас болуы керек.
- Төртіншіден, оқушылардың білім деңгейін хабарлау үшін бірдей есеп беру шкаласын қолдану қажет.

Мектептерге арналған PISA 2019 жылы цифрлық форматқа көшкен кезде есеп беру шкаласы қайта қаралды, сондықтан бұрынғы қағаз түріндегі Мектептерге арналған PISA нәтижелерімен салыстыру жүргізуге болмайды.


3.12, 3.13 және 3.14 суреттерінде Мектебіңіздің көрсеткіштеріндегі уақыт өте келе орташа өзгерісі мен Сіздің мектебіңіздің нәтижелері қаншалықты жақсарған, төмендеген немесе өзгеріссіз қалғандығы көрсетілген. Сонымен қатар, суреттерде Мектебіңіздің әр мәні үшін оның 95% сенімділік интервалы көрсетілген. Екі жылдың интервалдары қабаттасқан кезде, осы екі жыл арасындағы айырмашылық статистикалық тұрғыдан мәнді болып саналмайды.



3.12 сурет. Оқушылардың оқу сауаттылығы бойынша нәтижелерінің динамикасы (Сіздің мектебіңіз үшін 95% сенімділік интервалымен)




Дереккөз: Қазақстан Республикасының нәтижелері PISA 2018 дерекқорынан алынды, (OECD (2019), oecd.org/pisa/data)



3.13 сурет. Оқушылардың математикалық сауаттылық бойынша нәтижелерінің динамикасы (Сіздің мектебіңіз үшін 95% сенімділік интервалымен)


PISA математикалық сауаттылығының балы



Дереккөз: Қазақстан Республикасының нәтижелері PISA 2018 дерекқорынан алынды, (OECD (2019), [oecd.org/pisa/data](https://www.oecd.org/pisa/data))

3.14 сурет. Оқушылардың жаратылыстану сауаттылығы бойынша нәтижелерінің динамикасы (Сіздің мектебіңіз үшін 95% сенімділік интервалымен)

PISA жаратылыстану сауаттылығының балы



Дереккөз: Қазақстан Республикасының нәтижелері PISA 2018 дерекқорынан алынды, (OECD (2019), oecd.org/pisa/data)

4.

ОҚУШЫ ДАУЫСЫ: ОҚУШЫЛАРДЫҢ САБАҚҚА ҚАТЫСУЫН ЖӘНЕ МЕКТЕПКЕ ДЕГЕН ЖЕКЕ КӨЗҚАРАСЫН ЗЕРТТЕУ

Бұл тарауда оқушылардың жетістікке деген ынтасына, оқуға деген көзқарасына және олардың оқу ортасын қалай қабылдайтындығына шолу жасалады. PISA зерттеуінің нәтижелері оқушылардың мектепте/колледжде және өмірде қалай сезінетінін зерттеу арқылы олардың оқу үлгерімі мен болашақ өмірінің нәтижелерін түсіндіре алатынын көрсетеді.

Оқушылардың көзқарастары мен қабылдаулары олардың үлгеріміне қалай әсер етеді?

Мектебіңіздің оқушылары оқу, математикалық және жаратылыстану сауаттылықтарын қалай қабылдайтыны және олардың оқу мен мансаптық өсуі үшін пайдасының бар не жоқтығы туралы сұрақтарға жауап берді. Бұл сұрақтар одан әрі білім алу, мансап және оқу орнын таңдауда маңызды болжау факторы бола алады, сонымен қатар оқушылардың өз мақсаттарына жету мотивациясын түсінуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, PISA зерттеуінің деректері мотивацияның төмен деңгейі үлгерімнің төмендеуімен байланысты екенін көрсетеді.

Оқушылар өздеріне деген сенімділік, басқаша айтқанда, күш-жігері арқылы қиын тапсырманы шешу немесе жеке мақсаттарға жету сияқты қалаған нәтижелерге қол жеткізе алатындығына қатысты бірнеше сұрақтарға жауап берді. Бұл, өз кезегінде, қиындықтарға қарсы әрекет етуге және мойымауға күшті ынта болып саналады.

Озат оқушылар жақсы оқу қабілеттері секілді өз күштеріне сенім артады.


Оқушылардың өздерінің қабілеттеріне деген сенімі олардың оқу үлгерімінің бір көрінісі ме деген ой туындайды. Дегенмен, зерттеулердің көрсетуінше, сенімділік оқудағы үлгерімді жай ғана көрсетіп қоймай, оқудағы жетістіктерге жетуге көмектеседі.

Оқушылар жоғары нәтижелерге қол жеткізуге көмектесетін оқу стратегияларына инвестиция жасамас бұрын өздерінің мүмкіндіктеріне сенуі керек. Шын мәнінде, өзіне деген сенімділіктің жоғарылауы (өзіндік тиімділік индексінің бір бірлікке өсуіне сәйкес) 2018 жылы ЭЫДҰ елдерінің PISA тесті бойынша оқу сауаттылығының көрсеткіштерін 9 ұпайға арттырды.

Мысалы, 2012 жылы математика бойынша (осы индекс үшін қол жетімді соңғы жыл) оқушылардың сенімділігі ЭЫДҰ елдеріндегі үлгерімнің ауытқуының орташа есеппен 28%-ын түсіндірді. Оқушылардың сенімділігі PISA зерттеуіндегі математикалық сауаттылық бойынша нәтижелердің 49 балға ұлғаюымен байланысты. Бұл өз алдына мектептегі/колледждегі қосымша оқу жылына сайма-сай келеді.

Соңында, жаратылыстану сауаттылығында өз күштеріне деген сенімділіктің өз еліндегі көрсеткіші бойынша жоғары квартильде орналасқан оқушылар 2015 жылы (бұл индекс үшін соңғы жыл) орташадан 41 балға жоғары жинады, дегенмен жаратылыстану ғылымындағы өзіне деген сенімділік оқушылардың оқу үлгеріміндегі 6% ғана айырмашылықты түсіндіреді.

Келесі бөлімдер оқушылардың мотивациясы мен жаратылыстану ғылымындағы өзіне деген сенімі тұрғысынан мектебіңіздің көрсеткіштерін сипаттайды. Математикалық сауаттылықты зерттеу нәтижелерін «Мектепке арналған PISA» интерактивті цифрлық платформасында көруге болады.



Мектепте де, өмірде де жетістікке жетуге әсер ететін факторлардың бірі – мотивация. Көп жағдайда дарыны төмен, бірақ өз мақсаттарына жетуге деген ынтасы жоғары адамдардың табысқа жету ықтималдылығы дарындыларға қарағанда жоғары.

Бұл мотивация ішкі немесе сыртқы көзден келуі мүмкін. Жетістікке жетуге деген мотивация оқушы тапсырманы орындауда қызығушылық не ләззат алған жағдайда ішкі болады. Бұл сыртқы қысымның немесе сыртқы марапатқа ұмтылудың жемісі емес, адамның табиғи ішкі күйі. Жетістік мотивациясы сыртқы көзден келген кезде сыртқы болып табылады. Сыртқы мотивация ата-ананың көңілін қалдырмау сияқты әлеуметтік мәселелерден немесе мұғалімнің жақсы бағасын немесе мақтауын алу сияқты марапатқа деген құштарлықтан туындауы мүмкін.

Зерттеулер көрсеткендей, ішкі мотивация мен жетістік бір-бірін нығайтады. Ішкі мотивтер белсенділікті арттырады және материалды ойдағыдай игеруге ықпал етіп, қойылған міндеттерді шешуде аянбай еңбек етуге деген ынтасын оята алады.

Сыртқы мотивация, керісінше, жетістікке екіұшты әсер етеді. Мысалы, бәсекеге шамадан тыс көңіл бөлу ішкі мотивацияны бұзып, алаңдаушылық тудыруы мүмкін. Жоғары баға алуға қысым жасау және төмен баға алу туралы алаңдаушылық мектеп жасындағы балалар мен жасөспірімдерде жиі кездесетін стресс көздері болып табылады.

Ішкі немесе сыртқы себептердің оқушыларды ынталандыру дәрежесі жынысына қарай әр түрлі болуы мүмкін. Қыздардың әдетте оқуды ұнататыны ішкі мотивацияның құрамдас бөлігі болып табылады. Сонымен қатар, ұлдар бәсекеге оң көзқараспен қарайды.

Эмпирикалық деректерге сүйенсек, бәсекелестікке қатысты гендерлік айырмашылықтар елдегі/экономикадағы әлеуметтік нормалармен байланысты болса да, адам дамуының бастапқы сатысында қалыптасып, кейінге дейін сақталуы мүмкін.



Оқушылардың тапсырмаларды меңгеру мотивациясы

туралы толығырақ оқыңыз


oe.cd/il/PISA18vol2

4.1 Жаратылыстану ғылымын үйренуге мотивация

Жаратылыстану ғылымын оқуға деген мотивация оқушылардың жаратылыстану ғылымының олардың болашақ мансабы мен оқуына қатысты екендігін сезіну дәрежесін білдіреді. Белгілі болғандай, бұл мотивация жаратылыстану саласындағы оқу үлгерімімен тығыз байланысты. 4.1-суретте мектебіңіздің оқушыларының жаратылыстану ғылымын оқуға деген ынталары туралы төрт сұраққа қалай жауап бергені көрсетілген. Бұл сұрақтар оқушылардың пікірінше жаратылыстану ғылымының олардың әрі қарай оқуы мен жұмысы үшін қаншалықты маңызды екенін анықтау үшін қойылады.

Бағаналы диаграмма жолақтары мектебіңіздегі әрбір мәлімдемемен «толықтай келісетін» немесе «келісетін» оқушылардың пайызын көрсетеді. График сондай-ақ 2015 жылы (бұл деректер үшін соңғы жыл) Қазақстан Республикасы мен ЭЫДҰ елдеріндегі оқушылардың орташа жауаптарын көрсетеді. Қазақстан Республикасы немесе ЭЫДҰ үшін 95% сенімділік интервалында статистикалық мәні бар нәтижелер толық толтырылған маркерлермен белгіленген.

4.1 сурет. Оқушылардың жаратылыстану ғылымын үйренуге деген мотивациясы («келісетін» және «толықтай келісетін» оқушылар)



Ескертпе: статистикалық мәні бар нәтижелер толық толтырылған маркерлермен белгіленген.

Дереккөз: Қазақстан Республикасының нәтижелері PISA 2015 дерекқорынан алынды, (OECD (2016), oecd.org/pisa/data)

PISA зерттеулері елдер арасында оқушылардың жетістіктерге деген мотивациясында үлкен айырмашылықтар бар екендігін көрсетеді. Олар оқу мотивациясының өзіндегі айырмашылықтарды ғана айқындап қоймай, сонымен қатар елдер арасында жеке бастың жетістігіне талпыну мен амбицияларды мойындау қаншалықты орынды немесе мінез-құлықтың қандай модельдері жоғары және төмен мотивацияны анықтайтынын көрсетеді.

Мотивация елдердегі үлгерімнің жоғары деңгейімен тығыз байланысты емес. Дегенмен, әрбір дерлік білім беру жүйесінде мотивация үлгеріммен оң корреляцияға ие.

Жоғары мотивация үлгерімді жоғарылатып қана қоймай, мазасыздықтың жоғары деңгейімен де байланысты болып келеді. Мотивация мен қобалжу арасындағы байланыс жекелеген елдерде де байқалады. Жетістік мотивациясының жоғарылауы көбінесе мектептегі оқуға қатысты қобалжудың жоғары деңгейімен байланысты.

Барлық дерлік елдерде көптеген немесе барлық пәндерден жоғары бал алғысы келетін оқушылар, тіпті тестілеуге жақсы дайындалған болса да, қатты қобалжитынын хабарлайды.

Оқушылардың мотивациясы мен қобалжуының арасындағы байланыс осы мотивацияның түріне байланысты болуы мүмкін.

Сырттай ынталы оқушылар жетістікке жетуді қалайды, өйткені олардың ата-аналары, мұғалімдері және құрбылары олардан үлкен үміт күтеді. Ішкі мотивациясы бар оқушылар өздеріне үлкен үміт артады және бұл үмітті басқалар үшін емес, өздері үшін орындағысы келеді.

Мотивацияның екі түрі де оқушыларда бір уақытта болуы мүмкін: шынтуайтында, кейбір оқушылар өздерінің сыртқы мотивациясын ішкі мотивацияға айналдыратыны соншалық, өзге адамдардың оған артқан үміттерін өзінікі деп ойлайды. Дегенмен, сыртқы мотивация стресс пен қобалжуға әкелуі мүмкін, өйткені оқушылар сәтсіздікке ұшыраса, жұрттың ойынан қорқады. Бұл оқушылар перфекционистік тенденцияларды дамытып, түңілу, өз-өзіне күмәндану және эмоционалды шаршаудан зардап шегуі мүмкін.



Оқушылардың мотивациясы үлгерім мен қобалжуға қалай байланысты екені

туралы толығырақ оқыңыз
oe.cd/il/motivation

4.2 Оқушылардың өз күшіне деген сенімі

4.2-суретте мектебіңіздің оқушыларының жаратылыстану ғылымдарындағы өз күшіне деген сенімі туралы сегіз сұраққа қалай жауап бергені көрсетілген. Сұрақтар суретте көрсетілген тапсырмалардың әрқайсысын орындай алатындарына қаншалықты сенімді екендігі туралы болды. Суретте көрсетілген деректер бұл тапсырмаларды «оңай» немесе «аздап күш салумен» орындай аламын деп жауап берген оқушылардың пайызы.

Өз күшіне деген сенімділік пен жаратылыстану сауаттылығы бойынша нәтижелері арасындағы байланысты көрсету үшін ең жоғары және ең төмен нәтиже көрсеткен оқушылардың (яғни, жаратылыстану сауаттылығы бойынша оқушылардың жоғарғы 25%-ы және төменгі 25%-ы) нәтижелері бөлек көрсетілген.

Оқушылардың әртүрлі сұрақтарға жауаптары жаратылыстану ғылымы бойынша өз күшіне деген сенімділік көрсеткішін құру үшін пайдаланылады. 4.2-суретте сұрақтар нақты ғылыми мәселелерді (мысалы, белгілі бір аймақтарда неліктен жер сілкінісі жиі болатынын түсіндіру) көп жағдайда ең жоғары және ең төмен нәтижелі квартилдерге оқушылардың сенімділігі қаншалықты ұқсас екенін көрсету үшін берілген. Дегенмен, оқушылар ғылыми білімдерін әртүрлі мәнмәтіндерде қолдануы керек болғанда ең төмен нәтиже көрсететін оқушылардың өз күшіне деген сенімділігі айтарлықтай төмендейді. Толық толтырылған маркерлер оқушылардың ең жоғары және ең төмен нәтижелі квартилдер арасындағы айырмашылық 95% сенімділік интервалында статистикалық маңызды екенін көрсетеді.

4.2 сурет. Мектебіңіздегі оқушылар мен ең жоғары және ең төмен нәтиже көрсеткен оқушылардың жаратылыстану ғылымындағы өз күшіне деген сенімі (оқушылар тапсырманы оңай немесе аздап күш жұмсай отырып орындай алатынына сенімі)



Ескерте: статистикалық мәні бар нәтижелер толық толтырылған маркерлермен белгіленген.

Жаратылыстану ғылымын меңгерудегі өз күшіне деген сенімділік адамның ғылыми мәнмәтінде нақты мақсаттарға жету қабілетін бағалауын білдіреді. Ал сол мақсаттарға қол жеткізу үшін құбылыстарды ғылыми тұрғыдан түсіндіру қабілеті, ғылыми таным әдістерін бағалап қолдану немесе деректер мен дәйектерді ғылыми тұрғыдан жеткізу секілді ғылыми қабілеттерді талап етеді.

Жаратылыстану ғылымындағы жоғары көрсеткіштер мұғалімдердің, сыныптастардың, ата-аналардың оң кері байланысымен және сонымен байланысты оң эмоциялардың есебінен өз күшіне деген сенімнің жоғарылауына әкеледі. Оған қоса, өз күшіне сенімі төмен оқушылардың қабілеттеріне қарамастан, олардың жаратылыстану ғылымынан үлгерімінің төмен болу қаупі бар.

Егер оқушылар белгілі бір тапсырмаларды орындай алу қабілетіне сенбесе, онда олар бар күштерін салмай жұмыс істеуі мүмкін.

Оқушылардың жаратылыстану ғылымына қатысты өз күшіне сенімділігі оқушылардың үлгерімімен ғана емес, сонымен қатар олардың болашақ кәсіби бағдары және пән таңдауымен байланысты.

Кішкентай балалар ересектеу балаларға қарағанда өздерінің жалпы қабілеттерін жақсырақ қабылдайтынымен, олардың белгілі бір саладағы өзіне деген сенімділігі есейген сайын артады. Бұл балалардың ата-аналарынан, сыныптас оқушыларынан немесе мұғалімдерінен алынған кері байланысты түсіну және олардың өзін-өзі бағалауда дәлірек және шынайырақ болатынын көрсетуі мүмкін.

PISA деректері оқушылардың жаратылыстану ғылымындағы өзіне деген сенімділігі орташа ұлттық көрсеткішке байланысты емес екенін көрсетеді, бірақ сенімділік деңгейлері жаратылыстану ғылымымен байланысты жұмыс табуға үміттенетін оқушылардың пайызымен оң корреляцияға бейім болады. Сонымен қатар, деректер қыздардың ұлдарға қарағанда жаратылыстану ғылымында өзін-өзі бағалауы төмен екенін көрсетеді.




Жаратылыстану ғылымы бойынша өз күшіне деген сенімділік

туралы толығырақ оқыңыз
oe.cd/il/PISA15vol1


4.3 Оқушылардың оқыту тәжірибесін қабылдауы

Оқытудың біртұтас «ең жақсы» әдісі болмаса да, мұғалімдер өз сабақтарында қандай оқыту тәжірибесін қолданатынын және олардың әрқайсысына қанша уақыт бөлетінін шешуі керек. Мұғалімдер, мысалы, мақсат қоюға, түсіндіруге және сұрақтарға қанша уақыт бөлетінін; олар нашар оқытын оқушыларға қолдау көрсетуге және кері байланыс беруге қанша уақыт жұмсайтынын; оқушыларды ынталандыруға қаншалықты мән берілетінін; және олардың сабақтары қаншалықты икемді болатынын ескеруі керек. Сонымен қатар, мұғалімдер әртүрлі оқыту тәсілдерін қаншалықты және қашан біріктіру керектігін шешуі керек: барлық оқыту стратегияларын бір тоқсан/жарты жыл барысында біріктіруге болады, ал кейбіреулерін тіпті бір сабақта біріктіруге болады.

4.3-суретте «әр сабақта» немесе «көп сабақтарда» белгілі бір оқыту тәжірибесі болғанын хабарлаған оқушылардың пайызы көрсетілген. Суретте сондай-ақ екі топқа бөлінген тәжірибелер көрсетілген, олардың бірі оқытуға бейімді немесе жеке тәсілдің әдістерін сипаттайды, ал екіншісі - дәстүрлі әдістерді. Сіздің мектебіңіздің нәтижелерін сипаттау үшін суретте Қазақстан Республикасы мен ЭЫДҰ оқушыларының PISA 2018 сауалнамасында бірдей сұрақтарға қалай жауап бергені де көрсетілген. Толық толтырылған маркерлер Қазақстан Республикасы немесе ЭЫДҰ оқушыларының және мектебіңіздің нәтижелері арасындағы айырмашылық 95% сенімділік интервалында статистикалық маңызды екенін көрсетеді.



4.3 сурет. Оқыту тәжірибесі (оқушылар бұл тәжірибені «әр сабақта» немесе «көп сабақтарда» байқады)



Ескертпе: статистикалық мәні бар нәтижелер толық толтырылған маркерлермен белгіленген.

Дереккөз: Қазақстан Республикасының нәтижелері PISA 2018 дерекқорынан алынды, (OECD (2019), oecd.org/pisa/data)

PISA зерттеуінің нәтижесінде алынған деректер мұғалім мен оқушының арасындағы жағымды және конструктивті қарым-қатынастар математикадағы жоғары үлгеріммен байланысты болып, мектептерде қолданылатын әрі оқушылардың әлеуметтік-эмоционалдық саулығына себептесетін механизмдердің бірі болуы мүмкін екендігін дәлелдейді.

Орташа алғанда ЭЫДҰ елдері бойынша, әлеуметтік-экономикалық жағдайы және математикалық үлгерімі ұқсас оқушыларды салыстырған кезде, мұғалімдермен жақсы қарым-қатынастағы оқушылар өздерінің мектепте бақытты екендігін, мектепте оңай дос табатындарын және өз мектебіне қанағаттанатынын айтты. Олардың сондай-ақ мектепте өзін жалғыз немесе бөтен, ыңғайсыз сезінетінін хабарлау ықтималдығы аз.

Мұғалім мен оқушының қарым-қатынасы жақсы мектептерде PISA зерттеуіне дейінгі екі апта ішінде оқушылар кешігіп қалу мен сабаққа келмеу жағдайлары аз екені хабарланды.

Мысалы, барлық дерлік елдерде математиканы бірдей меңгерген және әлеуметтік-экономикалық жағдайлары бірдей оқушылардың арасында мұғалім мен оқушы қарым-қатынасы жақсырақ мектептердегі оқушылар PISA зерттеуінің алдындағы екі аптада сабаққа кешігіп келуінің ықтималдығы аз болғанын хабарлады.

PISA зерттеуінің көрсетуінше, мектептердің көбісінде мұғалімдер оқушылардың әлеуметтік-эмоционалдық дамуын нақты пәндерден білім мен дағдылар меңгергенімен қатар маңызды деп санайды. Дегенмен, бұл тұрғыда елдер арасында үлкен айырмашылықтар бар. Атап айтқанда, бұл жағдай серіктес елдерге қарағанда ЭЫДҰ елдерінде сирек кездеседі.



Мұғалім мен оқушы қарым-қатынасы мектептегі оқушылардың әл-ауқатына қалай әсер ететіні

туралы толығырақ оқыңыз

oe.cd/il/wellbeing


4.4 Сыныптағы тәртіп

PISA зерттеуінің нәтижелері қолайлы оқу ортасы әрқашан оқушылардың жақсы нәтижелерімен тығыз байланысты екенін көрсетеді. Дүние жүзіндегі мектеп жүйелерінде сыныпта жақсы тәртіп, ал оқушылар мен мұғалімдердің арасында өзара қолдауға негізделген достық қарым-қатынастар орнатылса, оқушылар жақсы нәтиже көрсетеді.

Сіздің білім беру ұйымыңызда мектеп ахуалы қолайлы ма?

Мектептерге арналған PISA сауалнамасына қатысқан оқушыларға мектеп ортасы туралы бірнеше сұрақтар қойылды. Соның ішінде сабақ барысындағы тәртіптік ахуал туралы жинақталған мәліметтер бар. PISA зерттеуінде сыныптағы тәртіптік ахуал мұғалімнің не айтып жатқанын ести алуы және олардың оқу тапсырмаларына назар аудара алуы үшін шу мен тәртіпсіздікті азайтуды білдіреді.

4.4-суретте PISA 2018 зерттеуіндегі Қазақстан Республикасы мен ЭЫДҰ-ның басқа мектептеріндегі оқушылармен салыстырғанда оқушыларыңыздың сыныптағы тәртіпке қатысты бес сұраққа қалай жауап бергені көрсетілген. Бұл көрсеткіш сабақ барысында «барлық сабақтарда» немесе «көптеген сабақтарда» нақты оқиғалардың орын алғанын хабарлаған оқушылардың пайызын көрсетеді. Толық толтырылған маркерлер Қазақстан Республикасы немесе ЭЫДҰ оқушыларының және мектебіңіздің нәтижелері арасындағы айырмашылық 95% сенімділік интервалында статистикалық маңызды екенін көрсетеді.



4.4 сурет. Сыныптағы тәртіп («барлық сабақтарда» немесе «көптеген сабақтарда»)



Ескертпе: статистикалық мәні бар нәтижелер толық толтырылған маркерлермен белгіленген.

Дереккөз: Қазақстан Республикасының нәтижелері PISA 2018 дерекқорынан алынды, (OECD (2019), [oecd.org/pisa/data](https://www.oecd.org/pisa/data))

4.

PISA деректері көрсеткендей, елдегі оқушылар арасындағы нәтижелердің шамамен үштен бір бөлігі әртүрлі мектептердің нәтижелеріне байланысты, ал үштен екісі нәтижелердің бір мектеп ішінде таралуына байланысты. Сыныптағы тәртіптік ахуалдың оқуға қолайлы болмайтынын өлшейтін PISA зерттеуінің айнымалылары да мектептердің елде әр түрлі болатынын көрсетеді. Тәртіптік ахуал көрсеткіші оқушылардың жауаптары негізінде құрылады. Бұл көрсеткіштің жоғары мәндері жаратылыстану сабақтарындағы жақсы сынып ахуалымен сәйкес келеді.

Орташа алғанда, сыныптағы тәртіпке қатысты оқушылардың жауаптарының бар вариациясының шамамен оннан бір бөлігі (9%) әртүрлі мектептерден/колледждерден келеді, ал қалған вариация бір мектептегі/колледждегі (әртүрлі сыныптан болуы мүмкін) оқушылардың жауаптарын көрсетеді. Бір қызығы, мектептерінен/колледждерінен алынған жаратылыстану сабағындағы тәртіп туралы хабарламалары бір-бірінен өте ерекшеленетін елдер нәтижелері бір-бірінен өте ерекшеленетін елдер болуы міндетті емес.

Зерттеулер тәжірибелі мұғалімдердің біліктірек екенін көрсетеді және бұл әртүрлі себептерге байланысты болуы мүмкін. Мұғалімдер жұмыс үдерісінде және ресми түрде біліктілікті арттыру барысында құнды дағдыларды меңгеруі, я болмаса, жетістіктері төмен мұғалімдер оқытушылық қызметтен кетіп, ал біліктірек мұғалімдер мамандықтарын ауыстырмай, қала беруі де себеп болуы мүмкін.

Жұмысқа алу стандарттарының жоғарылауынан, мұғалімдік дайындықты арттыру мен мұғалімдік кәсіпті тартымды етуден бастап, жас мұғалімдерге оқыту құралдарын жылдам меңгеру мен жақсы ұстаздардың жұмыстан кетуін болдыртпауға дейін осы ықтимал себептердің әрқайсысы саясатқа өзінің айтарлықтай әсерін тигізеді.



Мектеп үлгерімі мен ахуалы мұғалімдер тәжірибесімен қалай байланысты екендігі

туралы толығырақ оқыңыз
oe.cd/il/schoolclimate

4.5 Оқушылар арасындағы буллинг

Мектептегі буллинг оқушылардың (жәбірленушілер мен қорқытушылардың), олардың отбасыларының және мектеп қауымының психологиялық әлауқатына әсер етуі мүмкін.

Буллингті бастайтын жасөспірімдер, олардан зардап шегушілер немесе екеуі де құрдастарымен ешқандай қақтығысқа түспейтін сыныптастарына қараған кезде, көп жағдайда мектептен шығып, не оқуда төмен көрсеткіштер көрсетіп жатады. Сонымен қатар, олар көп жағдайда депрессия мен мазасыздық белгілерін көрсетіп, өзін жұрттан төмен көріп, асқа деген тәбетін түсіріп, жалғыздық сезініп, сабаққа деген қызығушылықтарын жоғалтады.

«Мектепке арналған PISA» сауалнамасына қатысқан оқушыларға мектеп ортасы туралы бірнеше сұрақтар қойылды. Сұрақтардың бірі оқушылар мектепте басынан өткізген түрлері туралы болды.

Физикалық (соққылау немесе тепкілеу) және ауызша (жаман атпен атау немесе келемеждеу) қорлау буллингтің тікелей түрлері болып табылады.


Қарым-қатынас арқылы буллинг жасау әлеуметтік шеттету құбылысымен байланысты. Мұнда кейбір балаларды әдейі елемей, ойыннан тысқары қалдырып, бірге уақыт өткізуге шақырмайды, құрдастары шеттетіп, өсек-жала және жұрт алдында айыптау мен мінеудің құрбаны болып жатады.

Жасөспірімдер электронды коммуникация құралдарын көбірек қолданатындықтан, кибербуллинг онлайн-құралдар арқылы, атап айтқанда ұялы телефон қосымшалары (мысалы, мессенджерлер, әлеуметтік желілер және электрондық пошта) арқылы көрсетілетін агрессияның жаңа түріне айналды.

Буллингтің сан-алуан түрлері бір уақытта орын алады. PISA зерттеуінде буллинг эпизодтары, егер олар айына кемінде бірнеше рет болса, «жиі» деп анықталады.

4.5 сурет. Мектептегі буллинг (айына бірнеше рет немесе аптасына бір немесе бірнеше рет)

4.5-суретте PISA 2018 бойынша Қазақстан Республикасы және ЭЫДҰ елдеріндегі оқушылармен салыстырғанда мектебіңіздің оқушыларының мектепте буллинг туралы алты сұраққа қалай жауап бергені көрсетілген. Бұл көрсеткіш нақты оқиғалардың «айына бірнеше рет» немесе «аптасына бір немесе бірнеше рет» болатынын хабарлаған оқушылардың пайызын көрсетеді. Суретте сондай-ақ осы оқиғалардың кем дегенде біреуі «айына бірнеше рет» немесе «аптасына бір немесе бірнеше рет» болғанын хабарлаған оқушылардың пайызы көрсетілген. Толық толтырылған маркерлер Қазақстан Республикасы немесе ЭЫДҰ оқушыларының және мектебіңіздің нәтижелері арасындағы айырмашылық 95% сенімділік интервалында статистикалық маңызды екенін көрсетеді.



Ескертпе: статистикалық мәні бар нәтижелер толық толтырылған маркерлермен белгіленген.

Дереккөз: Қазақстан Республикасының нәтижелері PISA 2018 дерекқорынан алынды, (OECD (2019), [oecd.org/pisa/data](https://www.oecd.org/pisa/data))

Мұғалімдер мен басқа мектеп қызметкерлерінің буллинг жағдайларына араласу арқылы оқушылар арасында салауатты қарым-қатынастарды дамытуға және бұзақылар мен зардап шегушілерге құрдастарымен берік және сау қарым-қатынастарды қалпына келтіру үшін ата-аналармен жұмыс істеудің бірегей мүмкіндігі бар. Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау барлық ересектердің, әсіресе ата-аналар мен мұғалімдердің міндеті. Ересектер арасындағы қарым-қатынас үйлесімді күн тәртібін құру және олар өмір сүретін, жұмыс істейтін және ойнайтын барлық мәнмәтіндерде балаларға қолдау көрсету үшін маңызды.

Мұғалімдерімен және ата-аналарымен тығыз қарым-қатынаста болған балалар буллинге ұшырамайды; және олар оған ұшыраған күннің өзінде оларда күрделі психологиялық проблемалардың пайда болу ықтималдығы аз.

Мұғалімдер сыныпта да, одан тыс өмірде де жанашырлық жағдайын жасау арқылы агрессия мен қорлауды азайта алады. Мектептегі тәртіптік құрылымы мен үлкендер тарапынан оқушыларды қолдау буллингпен күресуде жағымды жағдай орнатудың негізгі компоненті болып табылады. Тәртіптік құрылым – бұл қатаң, бірақ әділ деп қабылданатын мектеп ережелерінің жиынтығы.

Ересектердің қолдауы - бұл оқушылардың мұғалімдер мен мектептің өзге қызметкерлері оларға құрметпен қарап, жетістікке жету үшін барлық жағдайды жасайтынын сезінуі болып саналады. Физикалық және психологиялық зорлық-зомбылық деңгейі төмен мектептерде оқушылар әдетте мектеп ережелерімен жақсы таныс болып, оларды әділ деп санайды. Осындай мектептердің/колледждердің оқушылары өз ұстаздарымен де жақсы қарым-қатынаста болады.

Буллингтің төмен деңгейімен байланысты жалпы факторлардың бірі - сыныптағы және мектептегі тәртіп. Оқушылар құрылымдық және реттелген ортада жұмыс істегенде, олар өздерін қауіпсіз сезінеді, оқуға көбірек тартылады және қорлауға азырақ бейім болады.

ЭЫДҰ елдерінен орташа алғанда, оқушылар мен мектептердің әлеуметтік-экономикалық жағдайы есепке алынғаннан кейінгі тәртіп ахуалы нашар мектептердегі (елдің орташа көрсеткішінен нашар) үнемі қысымшылық көрген оқушылардың үлесі тәртіп ахуалы жақсы мектептердегі оқушылар үлесінен 6 пайызға жоғары болды.



Мектептер, мұғалімдер және ата-аналар буллингті азайтуға қалай көмектесе алатыны

туралы толығырақ оқыңыз

oe.cd/il/PISA15vol3



5. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ДАҒДЫЛАРЫ ТУРАЛЫ

Бұл тарауда мектебіңіздің нәтижелері оқушыларыңыздың әлеуметтік және эмоционалдық дағдылары тұрғысынан талқыланады. Тарау осы дағдылар мен кейбір маңызды өмірлік нәтижелер арасындағы байланысты зерттейді.

Әлеуметтік және эмоционалдық дағдылар маңызды нәтижелерге әсер ететін ойлардың, эмоциялардың және мінез-құлық үлгілерін көрсететін жеке қасиеттерді қамтиды.

Әлеуметтік және эмоционалдық дағдылардың рөлі мен әсері маңызды болып табылады. Адамдардың әртүрлі өзгермелі экономикалық жағдайларда және қоғамда қалай бейімделе алатыны өздеріне байланысты; олар білім деңгейіне, мектептен жұмысқа ауысуға, үлгерімге және жұмысқа қанағаттануға, психикалық және физикалық денсаулыққа және жалпы әл-ауқатқа тікелей әсер етеді.

Әлеуметтік және эмоционалдық дағдыларды дамыту адамдарға қоршаған ортаға бейімделуге көмектесіп, олардың жетістіктерін анықтап қана қоймай, сонымен қатар біз өмір сүріп жатқан қоғамды да қалыптастырады.

Қоғамның басқа мүшелерімен жақсы араласатын, жеке және ұжымдық жауапкершілікті өз мойнына алатын тапқыр, инабатты және толерантты азаматтар ортақ игілікке жұмыс істейтін қоғамның негізі болып табылады.

Бұл дағдылар икемді және олар әртүрлі жеке және мәнмәтіндік факторлармен, соның ішінде тікелей саясатқа араласуымен қалыптасуы мүмкін. Әлеуметтік және эмоционалдық дағдыларды кейінгі жаста дамытуға болатынына қарамастан, ерте жастан дамытуға көңіл бөлінсе, олар болашақта жақсы нәтиже көрсетеді.

5.1 Әлеуметтік және эмоционалды дағдылардың әртүрлі өлшемдері

2019 жылы алғаш рет енгізілген «Мектепке арналған PISA» оқушы сауалнамасы енді оқушылардың әлеуметтік және эмоционалды дағдыларына қатысты 40 сұрақты қамтиды. Бұл сұрақтар ЭЫДҰ «Әлеуметтік және эмоционалды дағдыларды зерттеу» жобасынан алынды, зерттеу 9 елдің 10 қаласын қамтиды.

Бұл зерттеу қалалар мен елдердегі жастардың әлеуметтік және эмоционалды дағдыларын жақсартуға және осы дағдыларын дамытуға бағытталған.

ЭЫДҰ «Әлеуметтік және эмоционалды дағдыларды зерттеу» әрқайсысы үш дағдыны қамтитын бес қосалқы салаға топтастырылған 15 дағдыны бағалайды: эмоционалды реттеу, басқалармен араласу, ынтымақтастық, тапсырмаларды орындау және ашық ойлау. Бұл қосымша бағыттарды дағдылардың әртүрлі аспектілерін сипаттайтын белгілі тұжырымдамалық құрылымға («Үлкен бестік» таксономиясына) топтастыруға болады.


Оқушы сауалнамасын мүмкіндігінше қысқа етіп сақтау үшін «Мектепке арналған PISA» бес ішкі бағыттың әрқайсысы үшін бір дағдыны қамтиды:

- **Оптимизм** эмоционалды реттеуге ықпал етеді
- **Өз-өзіне сенімділік** қарым-қатынас жасау үшін қажет
- **Эмпатия** ынтымақтастық үшін қажет
- **Өзін-өзі бақылау** тапсырманы орындау үшін қажет
- **Қызығушылық** ашық ойлауға қажет

Бұл нақты әлеуметтік және эмоционалды дағдыларға арналған шаралар PISA-дан емес, басқа ЭЫДҰ халықаралық сауалнамасынан алынғандықтан, оқушыларыңыздың нәтижелерін PISA шкаласы бойынша салыстыру мүмкін емес. Дегенмен, оларды Қазақстан Республикасында болған «Мектепке арналған PISA» зерттеуінің нәтижелерімен салыстыруға болады. Деректерді талдаудың бұл тәсілі ел ішінде салыстырулар жүргізуге мүмкіндік береді, бірақ еларалық салыстыру үшін негіз бола алмайды.

5.1 сурет. Мектебіңізде және Қазақстан Республикасындағы «Мектепке арналған PISA» зерттеуіне қатысқан мектептердің әр түрлі квантилдеріндегі "Үлкен бестік"өлшемінің әрқайсысындағы әлеуметтік және эмоционалды дағдылар нәтижесі

5.1-суретте мектебіңіздегі оқушылардың нәтижелерін осы дағдылардың әрқайсысы бойынша «Мектепке арналған PISA» зерттеуіне қатысқан Қазақстан Республикасының басқа мектептерінің нәтижелерімен салыстырады. Нәтижелер ұлттық стандартталған шкала бойынша ұсынылады, жоғары ұпайлар әрбір дағдының жоғары деңгейін көрсетеді. Әрбір дағды үшін сурет мектебіңіздің нәтижесін және Қазақстан Республикасындағы «Мектепке арналған PISA» сауалнамасына қатысқан барлық мектептердің төменгі 25%, орта 50% және үздік 25% үшін орташа мәнді көрсетеді. 95% сенімділік интервалында статистикалық мәні бар нәтижелер толық толтырылған маркерлермен белгіленген.



Ескерту: статистикалық мәні бар нәтижелер толық толтырылған маркерлермен белгіленген.

5.2 Мектеп ортасы мен әлеуметтік және эмоционалдық дағдылардың байланысы

Әлеуметтік және эмоционалдық дағдылар жеке адам мен оның өмір сүретін ортасы арасындағы өзара әрекеттесу арқылы дамиды, ортаның кейбір аспектілері осы дағдылардың дамуына оң немесе теріс әсер етуі мүмкін.

Оқушылардың әлеуметтік және эмоционалдық дағдыларын бағалау арқылы олардың өмір сүру жағдайларының әртүрлі аспектілерімен байланысын зерттеуге және осы дағдылардың дамуына ықпал ететін немесе кедергі келтіретін факторларды табуға болады.


Мұны көрсету үшін 5.2-суретте оқушылардың әлеуметтік-экономикалық жағдайының және басқа демографиялық айырмашылықтардың әсерін бақылай отырып, сыныптағы тәртіптік ахуалдың индексі мен бес дағдының арасындағы байланыс көрсетілген.

Әрбір дағды үшін суреттер сіздің мектебіңіз үшін сыныптағы тәртіптік ахуалдың индексімен қарым-қатынасын көрсетеді. Бұған қоса, Қазақстан Республикасы немесе ЭЫДҰ үшін қол жетімді сәйкес деректер болмағандықтан, сурет осы қарым-қатынасты Қазақстан Республикасындағы «Мектепке арналған PISA» зерттеуіне қатысқан мектептермен салыстырып береді.

Әрбір дағды бойынша мектептердің/колледждердің төменгі 25%-ы, орта 50%-ы және жоғарғы 25%-ы олардың мәндеріне сәйкес топтастырылып, тек сосын сабақтағы тәртіп ахуалының индексі мен үш топтың әрбіріндегі дағды арасындағы өзара байланыс көрсетілген. Тұтас боялған маркерлер индексі пен дағды байланысының күші 95% сенімді интервалда 0-ден айтарлықтай ажыратылғанын білдіреді.

Тәртіптік ахуалдың индексі 4.4 бөлімінде егжей-тегжейлі сипатталған сұрақтарға оқушылардың берген жауаптарын пайдалану арқылы құрылған. Осы шкала бойынша жағымды мәндер оқушылардың сабақтағы тәртіп ахуалы ЭЫДҰ елдерінде орташа алғандағы оқушыға қарағанда жақсырақ екенін білдіреді.

5.2 сурет. Мектебіңіздегі және Қазақстан Республикасындағы «Мектепке арналған PISA» зерттеуіне қатысқан мектептердің әртүрлі кватрилдеріндегі сыныптағы тәртіптік ахуал мен оқушылардың әлеуметтік және эмоционалдық дағдыларының индексі арасындағы байланыс



Ескерту: статистикалық мәні бар нәтижелер толық толтырылған маркерлермен белгіленген.

Мысалы, Өз-өзіне сенімділік көрсеткішіне келетін болсақ, сыныптағы тәртіп ахуалы индексінің байланысы Сіздің мектебіңіздегі -0.12 мәніне ие болып, осы екі параметрлердің ортасындағы статистикалық түрдегі маңызды жағымсыз байланысты көрсетеді.

5.3 Әлеуметтік және эмоционалдық дағдылар мен өмірлік нәтижелердің байланысы

Әлеуметтік және эмоционалдық дағдыларды дамыту жеке, отбасы, құрдастар, мектеп және қоғамдастық ерекшеліктерінің нәтижесі ретінде қарастырылуы мүмкін, бірақ бұл дағдылардың өзі де оқудағы жетістіктер, жұмысқа орналасу, денсаулық немесе жеке әл-ауқат сияқты көптеген басқа маңызды өмірлік нәтижелерге елеулі әсер етеді.

Нәтижесінде, мұғалімдер мен саясаткерлер осы дағдылар мен жоғарыда аталған нәтижелер арасындағы байланысты түсіну үшін жиі қызығушылық танытады.

Мұны көрсету үшін 5.3 және 5.4-суреттер бес дағдының әрқайсысы мен оқушылардың i) денсаулығына және ii) жалпы өмірге қанағаттануы арасындағы байланысты көрсетеді. 5.2-суреттегідей, бұл қатынастар оқушылардың әлеуметтік-экономикалық жағдайының және басқа демографиялық айырмашылықтардың әсерін бақылаудан кейін көрсетіледі.

Әрбір дағды бойынша көрсеткіштер Сіздің мектебіңіздің/колледжіңіздің осы көрсеткіштерімен өзара байланыс деңгейін сипаттайды. Қазақстан Республикасы мен ЭЫДҰ арасында сәйкес деректер болмағандықтан, бұл деректер қазіргі таңда Қазақстан Республикасында “Мектептерге арналған PISA” зерттеуіне қатысатын барлық мектептер/колледждер бойынша осы өзара байланыс мәндерін үлестіру туралы көрініс береді.


Әрбір дағды бойынша мектептердің/колледждердің төменгі 25%-ы, орташа 50%-ы және жоғарғы 25%-ы олардың мәндеріне сәйкес топтастырылып, тек сосын нәтижелер мен үш топтың әрбіріндегі осы дағды арасындағы өзара байланыс деңгейі көрсетілген.

Тұтас боялған маркерлер индекс пен дағды байланысының күші 95% сенімді интервалда 0-ден айтарлықтай ажыратылғанын білдіреді.

Оқушылардың денсаулық күйін бағалауы олардың өз денсаулықтарын зерттеу арқылы сипаттауымен өлшенеді (тамаша, өте жақсы, жақсы, қанағаттанарлық және нашар). Оқушылардың өмірге деген разылығы олардың өз өмірлеріне қаншалықты көңілдері толатындығы зерттеу арқылы өлшенеді (0-ден 10-ға дейін, мұнда 0 мүлде көңіл толмайды, ал 10 толық көңілдері толады дегенді білдіреді).

5.3 сурет. Оқушылардың әлеуметтік және эмоционалды дағдылары мен мектебіңіздегі және Қазақстан Республикасындағы «Мектепке арналған PISA» зерттеуіне қатысқан мектептердің әр түрлі кватильдеріндегі оқушылардың денсаулық жағдайының арасындағы байланыс

Оқушылардың денсаулығы мен оқушылардың әлеуметтік және эмоционалды дағдыларының арасындағы өзара байланыс




Ескерту: статистикалық мәні бар нәтижелер толық толтырылған маркерлермен белгіленген.

Мысалы, оқушылардың денсаулығы туралы түсінікке келетін болсақ, Сіздің мектебіңізде ең күшті байланыс Оптимизм көрсеткішінде байқалады. Шынтауайтында, бұл байланыс +0.55 мәніне ие болып, осы екі параметрлердің ортасындағы статистикалық түрдегі маңызды оң байланысты көрсетеді.

5.4 сурет. Оқушылардың әлеуметтік және эмоционалды дағдылары мен мектебіңіздегі және Қазақстан Республикасындағы «Мектепке арналған PISA» зерттеуіне қатысқан мектептердің әр түрлі квартильдеріндегі оқушылардың жалпы өміріне қанағаттануының арасындағы оқушылардыңаныс

қушылардың жалпы өз өміріне қанағаттанушылығы мен оқушылардың әлеуметтік және эмоционалды дағдыларының арасындағы өзара байланыс



Ескерту: статистикалық мәні бар нәтижелер толық толтырылған маркерлермен белгіленген.

Оқушылардың жалпы өз өміріне қанағаттануларына келетін болсақ, Сіздің мектебіңіздегі ең күшті байланыс Оптимизм көрсеткішінде байқалады. Бұл байланыс +0.43 мәніне ие болып, осы екі параметрлердің ортасындағы статистикалық түрдегі маңызды оң байланысты көрсетеді.

2019 жылы ЭЫДҰ мектептегі жастардың әлеуметтік және эмоционалдық дағдылары туралы эмпирикалық дәлелдерді жинау мақсатымен «Әлеуметтік және эмоционалдық дағдыларды зерттеу» бастамасын көтерді.

Отбасы, мектептер/ колледждер және оқушылардың оқу жағдайы туралы жан-жақты деректер жинау арқылы зерттеудің мақсаты ұстаздарға және білім саласындағы саясаткерлерге оқушылардың мектепте/ колледжде және одан тыс жерде әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды дамытуға не бөгеттеуге себеп болатын жағдайлар мен практикалар туралы сәйкес ақпаратты беру болып табылады.

ЭЫДҰ-ның әлеуметтік және эмоционалдық дағдыларға арналған сауалнамасы әлемнің түкпір-түкпірінен он мыңдаған оқушыларды, ата-аналарды және мұғалімдерді қамтитын жаңашыл зерттеу болып саналып, оған жеке және контекстік факторлардың кең ауқымы туралы ақпарат жиналады.

Зерттеудің жалпы мақсаты қалалар мен елдерге оқушылардың әлеуметтік және эмоционалдық дағдыларын дамытуға көмектесу болып табылады. Зерттеудің негізінде когнитивті және когнитивті емес дамуға себептесетін тұтастық тәсіл ең алдымен балаларға өз әлеуетін толық жүзеге асыруға қолайлы деген теория жатыр. Осылайша, мектеп жүйелері әдетте дәстүрлі білім мен дағдыларға бағытталғандықтан, зерттеу әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды қамтып, дәстүрлі академиялық салалар мен танымдық дағдыларға сәйкес келе отырып, білім беру саясатының саласын кеңейтуге бағытталған.

Зерттеудің нақтырақ мақсаттары:

- Қатысушы қалалар мен елдерді оқушылардың әлеуметтік және эмоционалдық дағдыларының деңгейлері туралы шын және сенімді ақпаратпен қамтамасыз ету.
- Осы дағдыларды дамытуға ықпал ететін немесе кедергі келтіретін жеке тұлғаның, олардың отбасының, құрдастарының, мектептің/ колледждің ерекшеліктері туралы түсінік беру.
- Білім беру, мінез-құлық, денсаулық және жеке әл-ауқаттағы болашақ нәтижелер үшін әлеуметтік-эмоционалдық дағдылардың болжамдық құндылығының дәлелдерін қамтамасыз ету.



ЭЫДҰ «Әлеуметтік және эмоционалдық дағдыларды зерттеу»

туралы толығырақ оқыңыз
oe.cd/il/SSES






1 ҚОСЫМША

Оқушы дауысы туралы қосымша мәліметтер




Бұл Қосымшада сіз есепте талданбаған оқушы сауалнамасы арқылы жиналған кейбір қосымша деректерді таба аласыз. Бұл деректер алдағы «Мектепке арналған PISA» интерактивті цифрлық платформасында әрі қарай зерттеу үшін қолжетімді болады.

А.1 сурет. Ата-аналардың ең жоғары білім деңгейі (%)

	 Сіздің мектеп	 Қазақстан Республикасы	 ЭЫДҰ
Бастауыш мектеп деңгейінен төмен	0%	0%	1%
Бастауыш мектеп	0%	0%	2%
Негізгі орта мектеп (5-9 сыныптар)	7%	3%	7%
Жалпы орта мектеп (10-11 сыныптар)	33%	2%	6%
Кәсіби-мамандандырылған білім және одан жоғары	58%	95%	80%
Жауап берген жоқ	2%	0%	4%



Дереккөз: Қазақстан Республикасының нәтижелері PISA 2018 дерекқорынан алынды, (OECD (2019), oecd.org/pisa/data)

А.2 сурет. Оқушылардың мансаптық мақсаттары (%)

	 Сіздің мектеп	 Қазақстан Республикасы	 ЭЫДҰ
Менеджерлер	4%	5%	3%
Кәсіби мамандар	58%	48%	43%
Техниктер мен қосалқы мамандар	4%	8%	11%
Іс қағаздарын жүргізуге көмектесетін жұмысшылар	0%	1%	1%
Қызмет көрсету және сауда-саттық саласындағы жұмысшылар	7%	8%	8%
Ауыл шаруашылығы, орман шаруашылығы, балық аулау және өсіру кәсібінде қызмет ететін білікті жұмысшылар	0%	0%	1%
Қолөнер және соған жақын кәсіп жұмысшылары	4%	5%	5%
Машиналар мен жабдықтар операторлары, құрастырушылар	4%	1%	1%
Біліктілікті қажет етпейтін мамандықтар	0%	0%	0%
Әскери мамандықтар	7%	2%	2%
Мамандықпен қамтылмаған	4%	12%	10%
Жауап берген жоқ	7%	9%	17%



Дереккөз: Қазақстан Республикасының нәтижелері PISA 2018 дерекқорынан алынды, (OECD (2019), oecd.org/pisa/data)

А.3 сурет. Оқушылар мен ата-аналардың туған елі (%)

		 Сіздің мектеп	 Қазақстан Республикасы	 ЭЫДҰ
Оқушы	Қазақстанда туған	93%	85%	79%
	Шетелде туған	4%	11%	17%
	Жауап берген жоқ	2%	4%	4%
Ана	Қазақстанда туған	84%	94%	90%
	Шетелде туған	11%	5%	7%
	Жауап берген жоқ	4%	1%	3%
Әке	Қазақстанда туған	78%	87%	79%
	Шетелде туған	11%	12%	17%
	Жауап берген жоқ	11%	2%	3%

Дереккөз: Қазақстан Республикасының нәтижелері PISA 2018 дерекқорынан алынды, (OECD (2019), oecd.org/pisa/data)

А.4 сурет. Үйде сөйлейтін тіл (%)

	 Сіздің мектеп	 Қазақстан Республикасы	 ЭЫДҰ
Тестілеу тілі	100%	90%	86%
Өзге тіл	0%	10%	12%
Жауап берген жоқ	0%	0%	3%

Дереккөз: Қазақстан Республикасының нәтижелері PISA 2018 дерекқорынан алынды, (OECD (2019), oecd.org/pisa/data)

А.5 сурет. Ерте жастағы балалардың оқытуға түсу жасы

	Сіздің мектеп	Қазақстан Республикасы	ЭЫДҰ
Мектепке дейінгі білім беруді бастағандағы орташа жас	3.19	3.41	3.28
Жауап берген жоқ	0%	53%	
Бастауыш білім беруді бастағандағы орташа жас	6.27	6.36	6.12
Жауап берген жоқ	0%	1%	

Дереккөз: Қазақстан Республикасының нәтижелері PISA 2018 дерекқорынан алынды, (OECD (2019), oecd.org/pisa/data)

А.6 сурет. Оқу курсы қайта өту (%)

	Сіздің мектеп	Қазақстан Республикасы	ЭЫДҰ
Бастауыш мектепте	4%	3%	6%
Негізгі орта мектепте (5-9 сыныптар)	2%	2%	5%
Жалпы орта мектепте (10-11 сыныптар)			1%
Жауап берген жоқ	2%	0%	9%




Дереккөз: Қазақстан Республикасының нәтижелері PISA 2018 дерекқорынан алынды, (OECD (2019), oecd.org/pisa/data)

А.7 сурет. Мектебіңіздегі оқушылар арасындағы ынтымақтастық: «Оқушылар ынтымақтастықты (мысалы, бірге жұмыс істеу) бағалайтын сияқты» деген тұжырым қаншалықты рас? (%)

	Сіздің мектеп	Қазақстан Республикасы	ЭЫДҰ
Мүлде дұрыс емес	7%	7%	6%
Жартылай рас	24%	16%	27%
Дұрыс	49%	43%	34%
Өте дұрыс	18%	13%	10%
Жауап берген жоқ	0%	22%	22%




Дереккөз: Қазақстан Республикасының нәтижелері PISA 2018 дерекқорынан алынды, (OECD (2019), oecd.org/pisa/data)

А.8 сурет. Мектебіңіздегі оқушылар арасындағы бәсеке: «Оқушылар бәсекені бағалайтын сияқты (мысалы, бір-бірімен бәсекелесу)» деген тұжырым қаншалықты рас? (%)

	 Сіздің мектеп	 Қазақстан Республикасы	 ЭЫДҰ
Мүлде дұрыс емес	27%	12%	8%
Жартылай рас	36%	27%	34%
Дұрыс	36%	34%	29%
Өте дұрыс	0%	8%	10%
Жауап берген жоқ	0%	19%	19%

Дереккөз: Қазақстан Республикасының нәтижелері PISA 2018 дерекқорынан алынды, (OECD (2019), oecd.org/pisa/data)

А.9 сурет. Өмірге көңілі толу (кемінде 0-ден мүлде көңілі толмайды деген сөзден максимум 10-ға дейін толық көңілі толады)

	 Сіздің мектеп	 Қазақстан Республикасы	 ЭЫДҰ
Өмірге көңілі толу	7.71	8.76	7.03
Жауап берген жоқ	0%	5%	24%

Дереккөз: Қазақстан Республикасының нәтижелері PISA 2018 дерекқорынан алынды, (OECD (2019), oecd.org/pisa/data)

2 ҚОСЫМША




Жаһандық құзыреттілік модулі

Бұл Қосымшада сіз есепте талданбаған оқушы сауалнамасы арқылы жиналған кейбір қосымша деректерді таба аласыз. Бұл қосымшадағы деректер Жаһандық құзыреттілікті бағалау аясында PISA 2018-де кездескен сұрақтарға қатысты. ЭЫДҰ PISA Жаһандық құзыреттілік шеңбері оқушылардың қаншалықты әртүрлі мәселелермен айналысуға, әртүрлі көзқарастарды бағалауға және түсінуге, басқа адамдармен қарым-қатынас жасауға және тұрақты даму мен ұжымдық әл-ауқатты қамтамасыз ету үшін жауапты әрекет етуге қабілетті екендігі туралы түсінік беру үшін жасалған.

ЭЫДҰ PISA Жаһандық құзыреттілік шеңбері туралы қосымша ақпаратты келесі сілтемедегі негіздемелік құжаттан таба аласыз:

<https://www.oecd.org/pisa/Handbook-PISA-2018-Global-Competence.pdf>




А.10 сурет. Жаһандық мәселелерді талқылаудағы өзіндік тиімділік (біраз күш жұмсап немесе оңай орындай алатынын хабарлаған оқушылардың пайызы)

	 Сіздің мектеп	 Қазақстан Республикасы	 ЭЫДҰ
Көмірқышқыл газының бөлінуі жаһандық климаттың өзгеруіне қалай әсер ететінін түсіндіру	48%	52%	64%
Өндіруші елдердегі жұмыс жағдайлары мен тоқыма өндірісі бағасының арасындағы байланысты орнату	48%	46%	60%
Адамдардың босқындарға айналуы бойынша әртүрлі себептерді талқылау.	57%	56%	76%
Кейбір елдердің басқа елдерге қарағанда жаһандық климаттың өзгеруінен зардап шегуін түсіндіру	59%	56%	73%
Кейбір елдердегі экономикалық дағдарыс әлемдік экономикаға қалай әсер ететінін түсіндіру	55%	54%	64%
Қоршаған ортаға экономикалық дамудың әсер ету салдарын талқылау	55%	57%	69%
Жауап берген жоқ	2%	9%	53%

Ескертпе: Оқушылар бірнеше жауап беруі немесе мүлдем жауап бермеуі мүмкін. Пайыз үлесі 100%-дан аспауы керек.


А.11 сурет. Жаһандық мәселелер туралы хабардар болу

(бұл туралы кішкене білетін және жалпы мәселені түсіндіре алатын немесе оны жақсы білетін және жақсы түсіндіре алатын оқушылардың пайызы)

	 Сіздің мектеп	 Қазақстан Республикасы	 ЭЫДҰ
Климаттың өзгеруі және ғаламдық жылыну	80%	74%	79%
Жаһандық денсаулық мәселелері (мысалы, эпидемиялар)	71%	74%	65%
Миграция (халықтың көшуі)	73%	78%	79%
Халықаралық шиеленістер	73%	75%	66%
Әлемнің әр жеріндегі аштық пен тамақтың жетіспеушілігі	73%	78%	78%
Кедейлік себептері	76%	78%	78%
Әлемнің әр жерінде ерлер мен әйелдердің арасындағы теңдік	71%	77%	83%
Жауап берген жоқ	0%	9%	34%




Ескертпе: Оқушылар бірнеше жауап беруі немесе мүлдем жауап бермеуі мүмкін.
Пайыз үлесі 100%-дан аспауы керек.

А.12 сурет. Басқа көзқарасты қабылдау (мәлімдемелер маған өте сәйкес немесе көбіне маған сәйкес деп есептейтін оқушылардың пайызы)

	 Сіздің мектеп	 Қазақстан Республикасы	 ЭЫДҰ
Мен шешім қабылдамас бұрын барлығының пікірін қарастыруға тырысамын.	60%	63%	61%
Мен кез келген сұрақты екі жағынан қарастыру қажет деп ойлаймын.	64%	65%	64%
Мен кейде өзімнің достарымды олардың көзқарастары бойынша заттардың қалай болатынын қоя отырып түсінуге тырысамын.	70%	63%	68%
Мен біреуді сынаудан бұрын, мен оның орнына өзімді қоя отырып сезінуге тырысамын.	51%	63%	59%
Мен біреуге ренжісем мен уақытша өзімді оның орнына қоюға тырысамын.	42%	55%	43%
Жауап берген жоқ	4%	10%	54%




Ескертпе: Оқушылар бірнеше жауап беруі немесе мүлдем жауап бермеуі мүмкін. Пайыз үлесі 100%-дан аспауы керек.

А. 13 сурет. Бейімделу (мәлімдемелер маған өте сәйкес немесе көбіне маған сәйкес деп есептейтін оқушылардың пайызы)

	 Сіздің мектеп	 Қазақстан Республикасы	 ЭЫДҰ
Мен маған таныс емес жағдайларды оңай шеше аламын.	58%	53%	61%
Мен өз әрекетімді жаңа жағдайларға сәйкес ауыстыра аламын.	64%	60%	69%
Мен қысым түсіру немесе күйзеліс жағдайында болсам да әртүрлі жағдайларға бейімделе аламын.	49%	57%	57%
Мен жаңа мәдениетке оңай бейімделе аламын.	47%	59%	52%
Мен басқа адамдармен бірге қиын жағдайға тап болсам, оның шешу жолын ойлап таба аламын.	65%	61%	62%
Мен басқа мәдениет өкілдерімен бірге отырып қиындықтарды шешуге қабілеттімін.	52%	56%	60%
Жауап берген жоқ	4%	10%	54%




Ескертпе: Оқушылар бірнеше жауап беруі немесе мүлдем жауап бермеуі мүмкін. Пайыз үлесі 100%-дан аспауы керек.

А. 14 сурет. Қарым-қатынас (келесі мәлімдемелермен келіскен немесе толығымен келісетін оқушылардың пайызы)

	 Сіздің мектеп	 Қазақстан Республикасы	 ЭЫДҰ
Мен олардың реакциясын мұқият бақылап отырамын.	67%	71%	84%
Мен біз бір-бірімізді дұрыс түсініп отырмыз ба деп жиі тексеремін.	79%	77%	86%
Мен олардың не айтып жатқанын мұқият тыңдаймын.	86%	81%	88%
Мен сөздерді ойлап таңдаймын.	76%	78%	80%
Мен өзімнің идеямды түсіндіру үшін нақты мысалдар келтіремін.	90%	82%	82%
Мен тақырыптарды байқап түсіндіремін.	79%	78%	79%
Егер сөйлесу барысында мәселелер туындаса мен түсіндірудің басқа жолдарын (мысалы, ымдау, қайта түсіндіру, қағазға жазу көмегімен) табамын.	81%	81%	86%
Жауап берген жоқ	4%	11%	55%




Ескертпе: Оқушылар бірнеше жауап беруі немесе мүлдем жауап бермеуі мүмкін. Пайыз үлесі 100%-дан аспауы керек.

А.15 сурет. Әрекет ету қабілеті (іс-шараларға қатысатыны туралы хабарлаған оқушылардың пайызы)

	 Сіздің мектеп	 Қазақстан Республикасы	 ЭЫДҰ
Мен қоршаған ортаны қорғау үшін үйде қуатты пайдалануды азайтамын (мысалы, бөлмеден шыққан кезде жылуды азайтамын, кондиционерді, жарықты сөндіремін).	77%	76%	74%
Мен белгілі бір өнімдерді олар біршама қымбат болса да, этикалық немесе экологиялық себептер бойынша таңдаймын.	60%	66%	48%
Мен экологиялық немесе әлеуметтік сұрақтар бойынша петицияларға онлайн қол қоямын.	21%	38%	28%
Мен Twitter немесе Facebook арқылы әлемдік оқиғалардан хабардар болуға тырысамын.	30%	53%	63%
Мен өнімдер мен компанияларға саяси, этикалық немесе экологиялық себептер бойынша байкот жариялаймын.	19%	35%	27%
Мен ерлер мен әйелдер арасындағы теңдікке көмектесу бойынша іс-шараларға қатысамын.	30%	37%	39%
Мен қоршаған ортаны қорғау сұрақтары бойынша іс-шараларға қатысамын.	63%	57%	44%
Мен халықаралық әлеуметтік сұрақтар (мысалы, кедейлік, адам құқығы) бойынша веб-сайттарды үнемі оқып отырамын.	37%	54%	48%
Жауап берген жоқ	4%	12%	54%




Ескертпе: Оқушылар бірнеше жауап беруі немесе мүлдем жауап бермеуі мүмкін. Пайыз үлесі 100%-дан аспауы керек.

А. 16 сурет. Әр түрлі елдер мен мәдениеттерді зерттеуге ашықтық (мәлімдемелер маған өте сәйкес немесе көбіне маған сәйкес деп есептейтін оқушылардың пайызы)

	 Сіздің мектеп	 Қазақстан Республикасы	 ЭЫДҰ
Басқа елдерде адамдардың қалай өмір сүретінін білгім келеді.	58%	68%	68%
Әлемдегі әртүрлі діндер туралы білгім келеді.	56%	55%	55%
Маған әртүрлі мәдениет адамдарының әлемді қалай көретіні қызық.	53%	65%	65%
Маған басқа мәдениеттің әдет-ғұрыптары туралы білген қызық.	60%	65%	65%
Жауап берген жоқ	4%	12%	55%

Ескертпе: Оқушылар бірнеше жауап беруі немесе мүлдем жауап бермеуі мүмкін.
Пайыз үлесі 100%-дан аспауы керек.




А. 17 сурет. Басқа елдердің адамдарымен байланыс (басқа елдердің адамдарымен әр түрлі контекстте байланыста екенін хабарлаған оқушылардың пайызы)

	 Сіздің мектеп	 Қазақстан Республикасы	 ЭЫДҰ
Сіздің жанұяңызда	63%	49%	51%
Мектепте/колледжде	51%	50%	48%
Көрші ретінде	42%	51%	35%
Достарыңыздың арасында	60%	62%	58%
Жауап берген жоқ	4%	11%	54%

Ескертпе: Оқушылар бірнеше жауап беруі немесе мүлдем жауап бермеуі мүмкін.
Пайыз үлесі 100%-дан аспауы керек.




А. 18 сурет. Әр түрлі мәдениеттегі адамдарға деген құрмет

(мәлімдемелер маған өте сәйкес немесе көбіне маған сәйкес деп есептейтін оқушылардың пайызы)

	 Сіздің мектеп	 Қазақстан Республикасы	 ЭЫДҰ
Мен басқа мәдениет өкілдерін өзіммен тең адамдар ретінде құрметтеймін.	88%	76%	85%
Мен барлық адамдарға олардың мәдени шығу тегіне қарамастан құрметпен қараймын.	80%	76%	83%
Мен басқа мәдениет өкілдеріне өз ойларын білдіру үшін еркіндік беремін.	73%	72%	81%
Мен басқа мәдениет өкілдерінің құндылықтарын құрметтеймін.	78%	72%	82%
Мен басқа мәдениет өкілдерінің пікірлерін бағалаймын.	80%	72%	79%
Жауап берген жоқ	9%	13%	57%




Ескертпе: Оқушылар бірнеше жауап беруі немесе мүлдем жауап бермеуі мүмкін.
Пайыз үлесі 100%-дан аспауы керек.

А. 19 сурет. Жаһандық ойлау (келесі мәлімдемелермен келіскен немесе толығымен келісетін оқушылардың пайызы)

	 Сіздің мектеп	 Қазақстан Республикасы	 ЭЫДҰ
Мен өзімді әлемнің азаматы ретінде санаймын.	64%	76%	80%
Мен адамдардың нашар жағдайда өмір сүріп жатқандарын көргенде мен мұны жақсарту үшін жауапкершілікті сезінемін.	55%	71%	71%
Мен басқа елдердегі адамдарға менің әрекетімнің әсер етуі мүмкін деп ойлаймын.	45%	62%	59%
Өзінің жұмысшыларына нашар жұмыс жағдайын ұсынатыны белгілі компанияларға байкот жариялауы дұрыс.	49%	64%	67%
Мен әлемдік проблемаларды шешуге көмектесе аламын.	40%	57%	62%
Маған әлемдегі қоршаған ортаны қорғау маңызды.	69%	78%	80%
Жауап берген жоқ	7%	13%	57%




Ескертпе: Оқушылар бірнеше жауап беруі немесе мүлдем жауап бермеуі мүмкін.
Пайыз үлесі 100%-дан аспауы керек.

А. 20 сурет. Иммигранттарға деген көзқарас (келесі мәлімдемелермен келіскен немесе толығымен келісетін оқушылардың пайызы)

	 Сіздің мектеп	 Қазақстан Республикасы	 ЭЫДҰ
Иммигранттардың балалары басқа балалармен салыстырғанда білім алуға бірдей мүмкіндіктері болу керек.	83%	78%	86%
Елде бірнеше жылдар бойы тұратын иммигранттардың сайлауда дауыс беру мүмкіндігі болу керек.	71%	72%	72%
Иммигранттар өздерінің өмір салттары мен әдет-ғұрыптарын қолдануды жалғастыруға мүмкіндігі болу керек.	79%	77%	78%
Иммигранттар елдегі басқалардың барлығы сияқты құқықтары болуы керек.	79%	80%	81%
Жауап берген жоқ	7%	15%	62%




Ескертпе: Оқушылар бірнеше жауап беруі немесе мүлдем жауап бермеуі мүмкін.
Пайыз үлесі 100%-дан аспауы керек.

А. 21 сурет. Отбасында қолданылатын тілдер (өздерінің, аналарының және әкелерінің екі немесе одан да көп тілде сөйлейтінін хабарлаған оқушылардың пайызы)

	 Сіздің мектеп	 Қазақстан Республикасы	 ЭЫДҰ
Оқушы	62%	81%	81%
Анасы	56%	80%	80%
Әкесі	42%	80%	80%

Ескертпе: Оқушылар бірнеше жауап беруі немесе мүлдем жауап бермеуі мүмкін. Пайыз үлесі 100%-дан аспауы керек.

А. 22 сурет. Мектептегі үйрену (мектепте осы дағдыларды үйрену немесе осы әрекетті орындау туралы сұраққа оң жауап берген оқушылардың пайызы)

	 Сіздің мектеп	 Қазақстан Республикасы	 ЭЫДҰ
Мен әлемде елдер экономикасының сабақтастығын оқимын.	50%	61%	60%
Мен сыныпта/топта басқа адамдармен қақтығыстарды шешу туралы оқимын.	74%	56%	70%
Мен әртүрлі мәдениеттер туралы оқимын.	67%	75%	78%
Біз газет оқимыз, интернеттен жаңалықтар іздейміз немесе сабақ уақытында бірігіп жаңалық көреміз.	50%	59%	44%
Мені мұғалімдер халықаралық жаңалықтар туралы өз ойымды айтуға жиі шақырады.	48%	57%	47%
Мен оқу жылы бойы әртүрлі мәдениеттерге іс-шараларға қатысамын.	76%	63%	42%
Мен сыныпта/топта әлемдегі оқиғалар туралы әдеттегі сабақ процесі аясында пікірталастарға қатысамын.	60%	65%	56%
Мен жаһандақ мәселелер туралы сабақ уақытында сыныптастарыммен/топтастарыммен бірге шағын топта талдау жасаймын.	57%	63%	51%
Мен әртүрлі мәдениет өкілдерінің кейбір сұрақтар бойынша әртүрлі көзқараста болу мүмкіндігі туралы оқимын.	57%	67%	64%
Мен шығу тектері әртүрлі адамдармен қалай дұрыс араласу қажеттігі туралы оқимын.	73%	65%	62%
Жауап берген жоқ	7%	13%	54%

Ескертпе: Оқушылар бірнеше жауап беруі немесе мүлдем жауап бермеуі мүмкін. Пайыз үлесі 100%-дан аспауы керек.

Экономикалық Үлгілер және Даму Ұйымы

ЭДҰ – жаһандану процестерінен туындаған экономикалық, әлеуметтік және экологиялық мәселелерді шешу үшін әртүрлі елдердің үкіметтері бірлесіп жұмыс істейтін бірегей ұйым. ЭДҰ үкіметтерге корпоративтік басқару, ақпараттық экономика және халықтың қартаюының қиындықтары сияқты жаңа өзгерістер мен сын-қатерлерді түсінуге және оларға жауап беруге көмектесу үшін жұмыс істейтін әлемдегі ұйымдардың алдыңғы қатарында. Ұйым үкіметтер тәжірибесін салыстыра алатын, жалпы мәселелерге жауап іздейтін, озық тәжірибелерді анықтай алатын, ішкі және халықаралық саясатты үйлестіру үшін жұмыс істейтін ортаны қамтамасыз етеді.

ЭДҰ елдері: Австралия, Австрия, Бельгия, Венгрия, Германия, Греция, Дания, Израиль, Ирландия, Исландия, Испания, Италия, Канада, Колумбия, Корея, Латвия, Литва, Люксембург, Мексика, Нидерланд, Жаңа Зеландия, Норвегия, Польша, Португалия, Словакия, Словения, Ұлыбритания, АҚШ, Түркия, Финляндия, Франция, Чехия, Чили, Швейцария, Швеция, Эстония және Жапония. Еуропалық Комиссия ЭДҰ жұмысына қатысады.

ЭДҰ басылымдары ұйымның экономикалық, әлеуметтік және экологиялық мәселелер бойынша статистикасы мен зерттеулерінің нәтижелерін, сондай-ақ оның мүшелерімен келісілген конвенцияларды, нұсқаулар мен стандарттарды кеңінен таратады.

«Мектепке арналған PISA»

Сіздің Мектебіңіздің Халықаралық Білім Беру Жүйесіндегі Орны

Сіздің мектебіңіздің 15 жасар оқушылары өмір бойы білім алуды жалғастыруға XXI ғасырда жұмыс орындарын табуға жаһанданған экономикада азаматтар ретінде бәсекеге түсуге және бірлесіп жұмыс істеуге қаншалықты дайын?

ЭЫДҰ халықаралық оқушы қабілетін бағалау бағдарламасы (PISA) он жылдан астам уақыт бойы дүние жүзіндегі білім беру жүйелерін бағалап, салыстырып, басқалардан өзған немесе айтарлықтай жақсарған білім беру жүйелерін атап өтті.

Дегенмен, жергілікті білім беру қызметкерлері мен мектеп/колледж қызметкерлері халықаралық салыстыру мен жақсартуға саясаткерлер сияқты қызығушылық танытуда. Осы есепте ұсынылған «Мектепке арналған PISA» нәтижелері жергілікті білім беру қызметкерлеріне дәл осылай жасауға мүмкіндік береді. Есепте зерттеуге қатысқан мектептердің/колледждердің оқу, математика және жаратылыстану сауаттылығы бойынша балдары, сондай-ақ оқушылардан жиналған мәнмәтіндік ақпарат берілген. Әрбір мектеп/колледж бойынша нәтижелер әр мектепке/колледжге тән 40-қа жуық графиктер мен кестелерде берілген. Оқушылардың нәтижелерімен қатар есеп мектептегі/колледждегі оқу ахуалы мен оқушылардың оқуға қатысуы оқушылардың жалпы үлгерімін түсінудің маңызды факторлары екенін көрсетуге тырысады.

Салыстыру мектепті/колледжді жақсарту жолындағы бір қадам болғандықтан, есепте жергілікті мұғалімдер арасында ой мен талқылауды ынталандыру үшін бүкіл әлем бойынша тиісті саясаттар мен тәжірибелердің мысалдары берілген. Есепте сонымен қатар оқырманға тінтуірді басу арқылы тиісті ЭЫДҰ зерттеулеріне есептеріне және ресурстарына қол жеткізуге мүмкіндік беретін сілтемелер бар.

Мазмұны

- 1 Тарау . Қысқаша Шолу
- 2 Тарау . "Мектепке арналған PISA" зерттеуінен мектебіңіз не үйрене алады
- 3 Тарау . Когнитивті дағдылар: Мектебіңіздегі оқушылар нені меңгерген
- 4 Тарау . Оқушы дауысы: Оқушылардың сабаққа қатысуын және мектепке деген жеке көзқарасын зерттеу
- 5 Тарау . Оқушылардың әлеуметтік және эмоционалдық дағдылары туралы түсінік

2023

TALDAU

Ұлттық зерттеулер және
білімді бағалау орталығы



Organisation for Economic
Co-operation and Development

Janison.

Janison Solutions
Pty Ltd